

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК**

2025 жылы атқарылған жұмыстар есебі



Сарайшық 2025

Есеп құрылымы

1 Музей-қорық туралы мәлімет	3
2 Кадрлық қызмет	3
2.1 Біліктілік арттыру және тәжірибе алмасуы.....	5
2.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары.....	8
3 Ғылыми кеңес жұмысы	10
4 Ғылыми- техникалық кеңестер	14
5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары	15
5.1. Жарық көрген еңбектер	15
5.2. Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстел және семинарлар	20
5.3. Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы	31
6 Мәдени білім беру, дәрістер	36
7 Конкурстар және зияткерлік ойындар	43
8 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлім	45
8.1. Ескерткіштерді сақтау, қорғау, вандализмге қарсы жұмыстар	45
8.2 Ескерткіш орнындағы реставрациялық жұмыстар	46
8.3 Ғылыми жобалар, архивтегі зерттеу жұмыстары.....	49
8.4 Экспедициялар	53
8.5 Археология жұмыстары және шетелдік әріптестік байланыстар.....	55
8.6 Ауыл тұрғындарын жұмысқа тарту	62
9 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары	63
9.1 Қор және реставрация жұмысы	63
9.2 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы	65
9.3 Ғылыми кітапхана	68
9.4 Экспозиция-көрме жұмыстары	70
10 Экскурсия, келушілерге қызмет көрсету деңгейін арттыру жұмыстары	75
11 Музей-қорық ақпараттық- насихаттық жұмыстары	78
11.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары	79
11.2 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет, журнал беттерінде және ақпараттық порталдарда жарық көрген мақалалар мен жарияланымдар	84
11.3 Музей-қорық сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы	90
12 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар	101
12.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары	102
12.2 Е-өтініш порталы	102
12.3 Воркспейс платформасы бойынша.....	102
12.4 Бірыңғай кадр жүйесі бойынша	103
13 Халықаралық байланыс және ынтымақтастық жұмыстары	103
14 Мәдени-көпшілік шаралар	107
14.1 Атаулы мерекелер күні	109
14.2 Отбасы күні, отбасы құндылықтарын ілгерілету	115
14.3 Музей түні.....	116
15 Үйірме жұмыстары	119
16 Пресс тур	123
17 Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шаралар	125
18 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар	126
19 Шаруашылық жұмыстары	127
Қорытынды	129
Қосымша 1 «Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» тақырыбындағы Халықаралық симпозиумының қорытынды құжаты.....	131

1 Музей-қорық туралы мәлімет

«Сарайшық» музей-қорығының тарихы 1963 жылдан бастау алады. 2018 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 162 қаулысымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып құрылды. 2023 жылғы 22 желтоқсанындағы №964 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК болып қайта өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК құрамына «Сарайшық» сапар орталығы, этнографиялық музей, «Хандар пантеоны» ескерткіші және ортағасырлық Сарайшық қаласының орны кіреді.

Кәсіпорын мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асырады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты - мәдениет саласындағы ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және танымдық-туристік қызметті, оның ішінде тарихи-мәдени мұраны сақтауды, оны танымал етуді жүзеге асыру.

Кәсіпорын қызметінің миссиясы мемлекеттік саясат арнасында жүзеге асырылып, еліміздің бірегей тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және репрезентациялау (ол туралы қайта мәлімет беру) сияқты музейдің басты міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішін сақтауға және қалың жұртшылық арасына таныта түсуге бағытталған қызметтің алуан түрін (археологиялық және реставрациялық жұмыстар, қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық және т.с.с.) жүзеге асыруда.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ мекеменің Жарғысын басшылыққа алады.

Кәсіпорынның сайты (saraishyq.kz), әлеуметтік желілерде парақшалары бар.

Кәсіпорынның орналасқан жері: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Қазірет Мырзағали көшесі, №11 үй.

2 Кадрлық қызмет

Музей қорықта штат бойынша 34 бірлік. Олар арасында 1 ғылым докторы, 1 ғылым кандидаты, 4 магистр, 1 магистрант бар. Ғылыми-жоба жұмыстарына өзге мекемелерден 1 ғылым докторы, 1 PhD, 1 докторант тартылған.

Музей қызметкерлерінің жұмыс өтілі


1-5 жыл	6- 10 жыл	11- 20 жыл	21- 30 жыл
8	8	3	11

18-27жас // 5

28-45жас // 13


46-59 жас//6

60 жастан жоғары // 6



Орта білімділер – 5 адам

Жоғары білімділер – 25 адам



Музей-қорықта 2024 жылдың жылдық қорытындысы бойынша орта білімділер – 7 адам, жоғары білімділер – 22 адам болса, 2025 жылдың қорытындысы бойынша орта білімділер -5, жоғары білімділер – 25 адамды құрап отыр.

2.1 Біліктілік арттыру және тәжірибе алмасу

Бас қор сақтаушы О. Сағынбаева Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі ұйымдастырған «Музей каталогына жауапты мамандарды тарту, экспонаттарға қатысты мәліметтерді өңдеу және оларды “E-museum” веб-порталына енгізу» тақырыбындағы семинарға қатысып, кәсіби біліктілігін арттырды.

“E-museum” платформасының мүмкіндіктері, экспонаттар туралы мәліметтерді енгізу тәртібі мен цифрлық каталог жүргізудің әдістемесі бойынша семинар барысында алған тәжірибе мен білімімен музей-қорық ұжымымен бөлісті.

Аталған платформа – еліміздегі музей коллекцияларын кең аудиторияға қолжетімді етуге бағытталған маңызды құрал. Осы бағытта «Сарайшық» музей-қорығында да цифрлық жүйеге көшу, жәдігерлерді онлайн кеңістікте таныстыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1239460421541534&set=pcb.1239460464874863>



2025 жылдың 21-30 сәуір аралығында музей-қорықтың экскурсия жетекшісі Ә. Шеркешбаева Атырау қаласында өткен Халықаралық WFTGA әдістемесі бойынша аймақтық гид болуға дайындайтын 10 күндік курсқа қатысып, емтиханды сәтті тапсырып, өткені үшін сертификатталды. Ал экскурсия жетекшісі Г. Бекесова аталған курсты тыңдағаны үшін сертификат алды. Курс нәтижесінде Ә. Шеркешбаева 16 мамыр күні алған білімімен әріптестерімен бөлісіп, мамандық бойынша үйренгенін ортаға салды. Атап айтқанда жалпы экскурсия жетекшісінің сөйлеу мәдениеті, қызметтік этика, мекеме мүддесіне қайшы келмейтін әрекеттер, өздігінен іздену және халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсету жолдары туралы түсінік берді.





Есепті жылдың 2-12 тамыз аралығында тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімінің қызметкерлері А. Тұрарұлы, Ж. Байғалиев, А. Жұмабаев Ресей Федерациясында, Жошы Ұлысының астанасы — Сарай-Бату қаласы орнындағы археологиялық қазба жұмыстарына қатысып, тәжірибе алмасты. Тарих ғылымдарының докторы Е. Пигаревтің жетекшілігімен жүргізілген қазба жұмыстарына «Сарайшық» музей-қорығы мамандарымен қатар, Татарстан және Марий Эл республикаларының археологтары да зерттеу жүргізді. Музей-қорық археологтары жұмыс барысында Сарай-Бату мен Сарайшық қалалары арасындағы тарихи байланыстар, қазба материалдары, сондай-ақ құрылыс нысандарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ғылыми салыстырмалы тұрғыда зерттеді. Өзара ынтымақтастық аясында жүзеге асырылған бұл жұмыс ғылыми-зерттеудің сапасын арттырып, ортағасырлық қалалар тарихын тереңірек зерделеуге мүмкіндік берді.



2025 жылдың қараша айында экскурсия жетекшісі А. Шеркешбаева Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ұйымдастыруымен өткен «Е-museum веб порталы: Мемлекеттік каталогты жүргізу және музей заттарын цифрландыру мәселелері» атты семинарға қатысты. Шара барысында музей ісін цифрландыру, мемлекеттік каталогты тиімді жүргізу және заманауи веб-платформаларда музей қорларын таныстыру бағытында өзекті мәселелер талқыланды. Семинар соңында А. Шеркешбаева арнайы сертификатпен марапатталды.



Музей-қорықтың экскурсия жетекшісі А. Шеркешбаеваға Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ұйымдастыруымен 2025 жылдың 26 қарашасында өткен «Музей қорларын сақтау қызметі: өзекті мәселелер мен тиімді тәжірибелер» атты біліктілікті арттыруға арналған семинарға қатысқаны үшін «Алғыс хат» берілді.



Музей-қорықтың директор орынбасары Ж. Диярова, ғалым хатшы А. Жумабаев, бас инспектор А. Тұрарұлы, бас қор сақтаушы О. Сағынбаева, заңгер Э. Урынбасарова, экскурсия жетекшілері А. Шеркешбаева, Г. Бекесова, Д. Мұхсиева 2025 жылдық қараша желтоқсан айларында Skills Enbek электрондық еңбек биржасы бойынша біліктілік арттыру курстарына қатысып, сертификаттар алды.



2.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары

2025 жылдың 23 мамыр күні “Сары айдың сәулесінде...” атты Музей түні шарасында “Жолдастық” қазақ мәдениеті Астрахан облысындағы өңірлік қоғамдық ұйымының төрағасының бірінші орынбасары Бекмұханов Өмерзах Қабылұлы музей-қорық директоры Ә. Мұқтарды “Жолдастық” медалімен, Атырау облысы Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағының қоғамдық бірлестігінің төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты Қылышбай Сүндетұлы музей-қорықтың әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлерін М. Жұмағалев, С. Сабырғалиев, Қ. Нұғыманов, Ф. Халихова, С. Боранкулова, А. Стамғалиеваны «Атырау облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Мекеменің ғалым хатшысы А. Жұмабаев еңбектегі табысы үшін Абай облысы Алакөл демалыс кешеніне тегін жолдама табысталды. 21 мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Махамбет ауданы әкімінің «Алғыс хатымен» А. Мұстажап, К. Каримова, А. Гизатова, А. Шауденова, Ә. Шеркешбаеваны марапатталды.




«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының «Алғыс хатымен» 21-мамыр Мәдениет қызметкерлері күніне орай музей-қорық қызметкерлері М. Лекерова, Э. Урынбасарова, Ж. Байғалиев марапатталды.



”Сарайшық” музей-қорығының ғалым хатшысы А. Жұмабаев Абай облысындағы Алакөл демалыс аймағында өткен “100 жылдық жол: Жас ұстаз - жаңа дәуірдің тірегі” атты дәстүрлі республикалық жазғы лагерінің жабылу салтанатында Амангелді Жеңісұлын Республикалық жазғы лагері жұмысында кәсіби тәжірибемен бөлісу арқылы жас мамандардың біліктілігін арттыруға қосқан зор үлесі мен адал еңбегі үшін кәсіподақ төрағасы Айгүл Мұқашеваның Құрмет грамотасымен, сонымен қатар белсенділік танытқаны үшін Алғыс хат және сертификатпен марапатталды.



2025 жылдың қыркүйек айында Халықаралық туризм күніне орай музей-қорықтың кіші ғылыми қызметкері А. Мұстажап Атырау облысының әкімі С. Шапкеновтың «Алғыс хатымен» марапатталды.



2025 жылы музей-қорықта 1 - “Жолдастық” қазақ мәдениеті Астрахан облысындағы өңірлік қоғамдық ұйымының “Жолдастық” медалімен, 5 – Махамбет ауданы әкімінің «Алғыс хатымен» және 6 - Атырау облысы Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағының қоғамдық бірлестігінің «Алғыс хатымен» және 3 - музей-қорық директорының «Алғыс хатымен» және 1 - Атырау облысы әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

3 Ғылыми кеңес жұмысы

Музей - қорықта 2019 жылдан бастап Ғылыми кеңес жұмыс жасайды. Кеңеске облыс аумағынан белді ғалымдар, өлкетанушылар, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері тартылған. 2025 жылғы жоспар бойынша 3 Ғылыми кеңес өткізу қарастырылған. Ғылыми кеңес жұмыс жоспары 2024 жылы талқыланып бекітілген.

Есепті жылдың 17 сәуір күні 2025 жылғы №1 кезекті Ғылыми кеңес отырысы өтті. Отырыс басында музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар Ғылыми кеңес құрамына енгізілген өзгертулермен таныстырды. Ғылыми кеңестің күн тәртібінде бас қор сақтаушы О.Сағынбаева «Сарайшық» музей-қорығының этнографиялық залын музейлендіруді жетілдіру» жөнінде, бас инспектор А. Тұрарұлы «2025 жылғы археологиялық қазба жұмыстарына, далалық экспедицияларға дайындық мәселелері» барысы туралы талқыға салды. Сонымен қатар, ағымдағы мәселелер бойынша директор орынбасары Ж.Диярова «Сарайшық қалашығын дамыту жобасының тұжырымдамасы (2025-2030 жж.), 18 мамыр - Халықаралық музей күніне орай ұйымдастырылатын «Музей түні» шарасына дайындық барысы» және РФ, Астрахань облысы, Володар ауданы, Алтынжар ауылындағы Құрманғазы атындағы өңірлік мәдени орталықта «Алтынордалық Сарайшық мұралары» халықаралық жылжымалы көрмесіне дайындық жұмыстары туралы, ғалым хатшы А. Жұмабаев «Сарайшық оқулары – 2025» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағын баспаға беру» туарлы мәселелер қаралды.

Кеңес отырысына Ғылыми кеңес мүшелері Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Үздік өлкетанушысы Төлеген Жаңабай, э.ғ.д., профессор, өлкетанушы Бақтыбек Таубаев, т.ғ.к., профессор Жеңісбек Мұстафин, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы Толыбай Достыбаев, Сарайшық ауылдық округі әкімі

апаратының бас маманы Аралбай Дулат, «Жайық шұғыласы» газетінің тілшісі Қазбек Айтқалиев, Сарайшық ауыл ардагерлері Нығмет Құрмашев, Қабіржан Амиров және музей-қорық қызметкерлері қатысты. Отырыста Ғылыми кеңес мүшелері мен қатысушылар мәселелерді жан-жақты талқылап, өз ұсыныстарымен де бөлісті.





2025 жылдың кезекті №2 Ғылыми кеңес отырысы 28 тамыз күні өткізілді. Ғылыми кеңестің күн тәртібінде бас қор сақтаушы О.Сағынбаева «Сарайшық» музей-қорығының көрме ұйымдастыру және қорды толықтыру мәселелері жөнінде, т.ғ.д., профессор У. Ахметова Музей-қорықтың ҚР ғылыми конкурстары ғылыми бағдарлама, жобаларға қатысу нәтижелері, олардың ортағасырлық Сарайшықты зерттеудегі басым бағыттары туралы талқыға салды. Сонымен қатар, ағымдағы мәселелер бойынша «Қазқайтажаңарту» мекемесінің маманы Н.Бақбергенов “Ортағасырлық Сарайшықтағы қайта жаңарту жұмыстары” жөнінде, ресейлік ғалым, т.ғ.к., нумизмат, П. Петров “Перспективы изучения нумизматики Сарайчика и его округи” мәселесі, директор орынбасары Ж. Диярова “Халықаралық симпозиум жұмысы және оның дайындық жұмыстары”, археологтар А.Тұрарұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев “2025 жылғы археологиялық қазба жұмыстары және олардың алғашқы нәтижелері” туралы, заңгер Э. Урынбасарова “Quant Workspace платформасына тіркелу жұмыстары және министрліктің жаңа талаптары”, суретші-қайта қалпына келтіруші О. Кендір “Өндіріс орынындағы хұмдарды қайта қалпына келтіру жұмыстары”, т.ғ.д., профессор У. Ахметова «Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары: тарихы және археологиясы» монографиясын баспаға беру туралы мәселелер қаралды. Кеңес отырысына Ғылыми кеңес мүшелері э.ғ.д., профессор, өлкетанушы Бақтыбек Таубаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, т.ғ.д., Ұлжан Ахметова, а.ш.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, Биология, геоэкология және құрғақ жемшөп өндірудің ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі Болат Мұхамбетов, т.ғ.к., Атырау облысы Білім саласына қатысты бірлескен кәсіподақтар төрағасы Қылышбай Сүндетұлы, “Жайық шұғыласы” газетінің

тілшісі Қазбек Айтқалиев, Сарайшық ауылдық округінің әкімі Жаннат Кенжеғалиева, Сарайшық ауыл ардагерлері Нығмет Құрмашев, Хадим Сисенғалиев және музей-қорық қызметкерлері қатысты.

Отырыста Ғылыми кеңес мүшелері мен қатысушылар мәселелерді жан-жақты талқылап, өз ұсыныстарымен де бөлісті.



29 желтоқсан күні 2025 жылы атқарылған жұмыстарды қорытындылауға арналған Ғылыми кеңес отырысы өтті. Ғылыми кеңестің күн тәртібіндегі алғашқы мәселесі бойынша 2025 жылғы мекеменің жылдық есебін музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар таныстырды. Тарихи мұраны қорғау және ғылыми қор және музей қызметі бөлімінің меңгерушілері толықтырып өз жұмыстарынан есеп берді. Сонымен қатар, мекеменің бас есепшісі А. Қайреденова 2025 жылғы қаржылық есеппен таныстырды. Әлеуметтік желі және оның нәтижесі бойынша PR менеджер М.Лекерова мен музей-қорықтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары және Quant Workspace платформасы бойынша заңгер Э. Урынбасарова баяндады. 2026 жылға арналған музей-қорықтың даму, медиа жоспарларымен және ғылыми кеңес жоспарымен ғалым хатшы

А. Жұмабаев таныстырды. Кеңес отырысына Ғылыми кеңес мүшелері Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Үздік өлкетанушысы Төлеген Жаңабай, э.ғ.д., профессор, өлкетанушы Бақтыбек Таубаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, т.ғ.д., Ұлжан Ахметова, Атырау облысы Білім саласына қатысты бірлескен кәсіподақтар төрағасы Қылышбай Сүндетұлы, т.ғ.к. Марат Қасенов, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысы Толыбай Достыбаев, «Жайық шұғыласы» газетінің тілшісі Қазбек Айтқалиев, Сарайшық ауыл ардагерлері Нығмет Құрмашев, Қабіржан Амиров, Хадим Сисенғалиев және музей-қорық

қызметкерлері қатысты. Отырыста Ғылыми кеңес мүшелері мен қатысушылар көтерілген мәселелерді жан-жақты талқылап, өз ұсыныстарын ортаға салды.



4 Ғылыми- техникалық кеңестер

2025 жылдың 24 қаңтарында Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті, «Қазқайтажанарту» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны және «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен Сарайшық қалашығының дамыту тұжырымдамасын іске асыру мәселелеріне арналған ғылыми техникалық кеңес өтті. Кеңеске министрлік өкілдері, тарихшы, археологтар, қайта қалпына келтіру мамандары қатысты. Кеңес шеңберінде археологиялық ескерткішті сақтау мен дамытудың өзекті мәселелері, сондай-ақ оны қазіргі заманғы қалалық және туристік инфрақұрылымдарға интеграциялау перспективалары талқыланды. Ғалым мамандармен бірлесе алтынордалық Сарайшықтың дамыту тұжырымдамасы жасалды.



5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары

«Сарайшық» музей-қорығы республикалық мекеме болып құрылған сәттен бастап ғылыми зерттеу жұмыстарына басым бағыт беріп келеді. Осы бағытта Сарайшықтың әлем тарихында алатын орнына, археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне, өлке тарихына, музейдің туризмде алатын орнына, пәнаралық зерттеулерге арналған ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер және семинарлар ұйымдастырылды, бірқатар ғылыми еңбектер, мақалалар жарияланды.


5.1. Жарық көрген еңбектер

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында «Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары: тарихы және археологиясы» монографиясы жарияланды.

Монография Алтынорда тарихынан белгілі Ұшқан қаласы мен соңғы жылдары «Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары ашып, зерттеле бастаған Қарағайлы, Ащысай мекендерінің тарихы мен археологиясына арналған. Аталған елді мекендер Ұлы Жібек жолы бойында орналасып, Үргеніш пен Сарайшық, Сарайшық пен Еділ бойындағы алтынордалық астаналық қалалар аралығын байланыстырған. Монография бірін-бірі толықтыра түсетін, өзара байланысқан Алтынордалық Қарағайлы мекені: алғашқы зерттеулер қорытындылары, Алтынордалық Ұшқан қаласы және оның зерттелуі, Ащысай мекені: алғашқы зерттеу қорытындылары, Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары орнындағы остеологиялық материалдарын археозоологиялық зерттеу, Қарағайлы, Ұшқан және Ащысай мекендеріндегі нумизматикалық материалдар атты 5

тараудан тұрады.

Ұ. Ахметова, Ә. Мұқтар, А. Тұрарұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев, М. Шагирбаев. Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары: тарихы және археологиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Махамбет» халықаралық қор» мекемесі, 2025. - 192 б.



УДК 902/904 (574)
ББК 63.4 (5Қаз)
А46

Баспаға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Ғылыми кеңесі ұсынған (2025 жылы 28 тамыздағы №2 хаттама)

Пікір жазғандар:
Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қожа
Доктор PhD Сырым Есен

**Ұ. Ахметова, Ә. Мұқтар, А. Тұрарұлы, А. Жұмабаев,
Ж. Байғалиев, М. Шагирбаев**

Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары: тарихы және археологиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Махамбет» халықаралық қор мекемесі, 2025. - 192 бет.

ISBN 978-601-12-4689-7

Монография ортағасырлық Ұшқан қаласы мен соңғы жылдары «Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары зерттеулері нәтижесінде ашылған және 2021-2025 жылдар аралығында зерттеу аумағына алынған Қарағайлы, Ащысай мекендерінің тарихы мен археологиясына арналған. Аталған елді мекендер Үргеніш пен Сарайшық, Сарайшық пен Еділ бойындағы алтынордалық астаналық қалалар аралығын байланыстыра, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық керуен сарайлар мен керуен жолында маңызды логистикалық орталықтар қызметін атқарған. Зерттеу барысында табылған түрлі нысандар, жәдігерлер, остеологиялық және нумизматикалық материалдар өткен бай тарихымызды жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Монография Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдары арасында бағдарламалы-нысаналы қаржыландырылған BR 22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» атты ғылыми бағдарламасы негізінде дайындалды.

Болат Батыр
«Махамбет» халықаралық қор мекемесі, 2025

2025 жылғы 11 сәуірде өткен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ұйымдастыруымен өткен «Сарайшық оқулары - 2025» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы жарық көріп, музей-қорықтың сайтына орналастырылды. Материалдар жинағының жалпы бет саны – 364.

Жинақ ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи рөлін жаңғырту, еліміздің тарихи-мәдени және ғылыми мұрасын зерделеу мақсатында ұйымдастырылған «Сарайшық оқулары-2025» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғаудағы өзекті мәселелер, Жошы ұлысы тарихы туралы зерттеулер, Жошы ұлысы тарихының білім беру саласында оқытылуы, Қазақстандағы музей ісін дамыту, музейлердің туризм саласындағы орнын анықтау, туризмді дамыту бойынша ұсыныстар мен жобалар мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым тарихшыларға, мектеп мұғалімдеріне, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМПЕТЕНІНІҢ
«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҮЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

САРАЙШЫҚ ОҚУЛАРЫ-2025
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

ӨОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
С22

Жауапты редактор
Ө.К. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Редакциялық алақа

У.Т. Ахметова – т.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Ж. Мұстафин - т.ғ.к., профессор

Ж. Диярова - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директор орынбасары

А. Тұрағұлы - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК бас инспекторы

А. Жумабаев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылым хатшысы

Сарайшық оқулары-2025: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (11 сәуір, 2025 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ө.К.Мұқтар. - Атырау-Сарайшық, 2025. – 364 б.

ISBN 978-601-08-5111-5

Жинақ 2025 жылғы 11 сәуірде Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылында өткен ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи рөлін жаңғырту, еліміздің тарихи-мәдени және ғылыми мұрасын зерделеу мақсатында ұйымдастырылған «Сарайшық оқулары-2025» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғаудағы өзекті мәселелер, Жошы ұлысы тарихы туралы зерттеулер, Жошы ұлысы тарихының білім беру саласында оқыту, Қазақстандағы музей ісін дамыту, музейлердің туризм саласындағы орнын анықтау, туризмді дамыту бойынша ұсыныстар мен жобалар мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым тарихшыларға, мектеп мұғалімдеріне, елкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескерту: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.



Сарайшық, 2025 ж.

© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2025

Есепті жылдың 17-18 қараша күндері ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Атырау облысы әкімдігі, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің Сарайшық қаласының тарихи-саяси және мәдени маңызын ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы оны қалпына келтіру және жаңғырту жолдарын айқындау мақсатында ұйымдастырылған «Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» халықаралық ғылыми симпозиумның жинағы жарық көрді. Жалпы бет саны – 296.

Материалдар жинағында Сарайшық және түркі өркениетінің тарихи тамыры, Археология және реставрация: тәжірибе мен әдіснама, Ортағасырлық тарихи-мәдени мұраларды қалпына келтіру және оны жаңғырту, Мәдени мұра және туризм, Ғылыми ынтымақтастық және келешек жобалар мәселелеріне баса назар аударылады. Симпозиум жинағы материалдары тарихшылар мен саясаткерлерге, қоғамтанушыларға, ізденушілерге арналған.



ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
С97

Жауапты шығарушы
М.К. Қипиев – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры

Жауапты редактор
Ә.К. Мұқтар – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорғаныс директоры

«ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ТОҒЫСҚАН САРАЙШЫҚ: ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ» Халықаралық ғылыми симпозиум жинағы (2025 ж. 17-18 қараша). Атырау, 2025. – 296 б.

ISBN 978-601-12-5472-4

Жинақ Атырау қаласында өткен Сарайшық қаласының тарихи-саяси және мәдени маңызын ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы оны қалпына келтіру және жаңғырту жолдарын айқындау мақсатында ұйымдастырылған «Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» атты халықаралық ғылыми симпозиум материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Сарайшық және тұрақ өркенінің тарихи тақырымы, Археология және реставрация: тәжірибе мен әдіснама, Ортағасырлық тарихи-мәдени мұраларды қалпына келтіру және оны жаңғырту, Мәдени мұра және туризм, Ғылыми зерттеулер және келіп жеткен жобалар мәселелеріне баса назар аударылды. Симпозиум жинағы материалдары тарихшылар мен саясаткерлерге, қоғамтанушыларға, ізденушілерге арналған.

Ескерту: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап береді.

ISBN 978-601-12-5472-4

© «Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі» ҚМҚК, 2025
© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2025

Есепті жылда барлығы 12 буклет-брошюра, 1 жолсілтер жарық көрді. Атап айтсақ, «Сарайшыққа саяхат» балаларға арналған буклет, Ж.Р. Байғалиев, Ж.К. Диярова «Ортағасырлық Сарайшық тиындары тарихи дерек ретінде», У.Т. Ахметова, А.Ж. Жумабаев, А. Тұрарұлы «Киелі Сарайшық: Аңыздар және тарихи деректер», М.С Қасенов, А.Ж. Жумабаев, А. Тұрарұлы «Ұшқан қаласында жүргізілген жұмыстар (2021 жылғы археологиялық барлау қорытындысы бойынша), У.Т. Ахметова, А.Ж. Жумабаев, А. Тұрарұлы «2021ж. Ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары», А. Тұрарұлы «Атырау өңіріндегі қыш ыдыстар сипаты», А. Жумабаев «Сарайшық керамикасы және оның ерекшеліктері», Сарайшық тарихы туралы буклет 3 тілде (Қазақша, орысша, ағылшын), У. Ахметова, Ж. Байғалиев, А. Жумабаев «Ортағасырлық қыш шарлар: зерттелуі және мәселелері (Атырау облысы материалдары бойынша), А.Тұрарұлы, В.В. Плахов «Қарағайлы мекеніндегі кесененің қазбасы», Ж. Байғалиев «Ортағасырлық Сарайшық тиындары: Ақсақ темір соғылымы», «Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» халықаралық ғылыми симпозиумға арналған буклет, Сарайшық музейіне арналған жолсілтер жарық көрді.



Жарық көрген еңбектер

■ Еңбектер ■ Буклет, брошюра, жолсілтер ■ Конференция материалдары ■ Флаер



5.2. Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстел және семинарлар

Есепті жылдың 17-18 қарашасында Атырау қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Атырау облысы әкімдігі, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі ұйымдастыруымен «Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» атты халықаралық ғылыми симпозиум өтті. Симпозиумның басты мақсаты ортағасырлық Сарайшық қаласын сақтау, ғылыми зерделеу, тарихи мұраны қайта жаңғырту. Шараға Қазақстан мен АҚШ, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Ресейдің жетекші ғалымдары қатысып, Сарайшықтың тарихи мұрасы, Алтын Орда кезеңіндегі саяси, экономикалық және мәдени үдерістер, сондай-ақ археология, реставрация, керамика өнері мен тарихи мұраны сақтау бағыттарындағы зерттеу нәтижелерімен бөлісті.

Пленарлық отырыста:

- Висконсин–Мэдисон университетінің профессор-эмеритусы, Назарбаев Университетінің профессоры Юлай Шамильоглу;
- «Қазқайтажаңарту» РМК бас директоры, т.ғ.к. Олжас Шариязданов;
- Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының профессоры, т.ғ.д. Александр Қадырбаев;
- Анкара университетінің профессоры, PhD Мухаррем Чекен;
- Архитектура докторы Мехрибану Глаудинова;
- ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Зиябек Қабылдинов;
- Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры, т.ғ.к. Ақан Оңғар;
- ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі, т.ғ.к. Дмитрий Воякин;
- Жошы Ұлысын зерттеу институтының директоры, PhD Жақсылық Сәбитов баяндама жасады.

Одан басқа симпозиумының «Ортағасырлық тарихи-мәдени мұраларды қалыпқа келтіру және жаңарту мәселелері», «Ортағасырлық Сарайшық Қазақстан және шетел тарихнамасы призмасында: жетістіктері мен зерттеу мәселелері», «Тарихи-мәдени мұра объектілерінің инфрақұрылымын дамыту және туристік аймаққа айналдыру» тақырыбында өткен секцияларында 30-дың үстінде зерттеушілердің баяндамалары талқыланды.

18 қарашада халықаралық ғылыми симпозиумының жұмыстары Сарайшықта жалғасты. Қатысушылар ортағасырлық Сарайшық қаласындағы қайта қалпына келтіру жұмыстарының барысымен және «Сарайшық» сапар орталығындағы музей экспозициясымен танысты. Ғылыми симпозиумының қорытынды отырысы «Сарайшық» сапар орталығында өтіп, шараның резолюциясы қабылданды (Қосымша 1). Симпозиум Сарайшықтың халықаралық ғылыми зерттеудегі орнын айқындап, өзекті ғылыми мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді.



11 сәуірде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен «Сарайшық оқулары-2025» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференцияға С.Баишев атындағы Ақтөбе университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жұманазар Асан, Ә.Х. Марғұлан

атындағы Археология институты, Зооархеологиялық зертхана меңгерушісі Мамбет Шағырбаев, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Физикалық антропология зертханасының меңгерушісі Рамазан Жанұзақ, «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері, магистр Ерқожа Абдурахитов, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшысының орынбасары, өлкетанушы Фархад Байдәулетов, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының аға ғылыми қызметкері Мұхтар Бақытұлы, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі, Археология ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі, магистр Ғаламат Базарбаев, №41 Әбіш Кекілбайұлы атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Лариса Гашихова, т.б. баяндамашылар қатысты. Баяндамалар талқыланып, пікірталас ұйымдастырылды.



14 қарашада «Сарайшық» сапар орталығында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мен Махамбет аудандық білім бөлімі ұйымдастыруымен қазақтың данқты ханы Қасым ханның туғанына 580 жылдығына арналған «Қазақ хандығы Қасым хан тұсында: тарих пен археологиялық зерттеулер тоғысуы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференцияда музей-қорық директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтар сөйлеп, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.к. Н. Атығаев «Қасым хан туралы архивтік деректер», Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к. М.Касенов «Қасым хан кесенесі», «Қазқайтажаңарту» РМК мекемесінің маманы Н.Бекбергенов «Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласын» қайта жаңарту жұмыстары», Астана халықаралық университетінің оқытушысы, PhD С. Есен «Алтын орда дәуірінің жерлеу ескерткіштерін зерттеудің жаңа бағыттары», М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің аға оқытушысы, PhD Д. Сагидуллаев «Батыс Қазақстан облысындағы Алтын Орда ескерткіштері және байланыс жолдары», «Сарайшық» музей-қорығының археологтары А. Тұрарұлы «Қасым ханның жерленген орнын іздеу және оның нәтижелері», А. Жұмабаев «Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштеріндегі 2025 жылы жүргізілген қазба жұмыстары», Ж. Байғалиев «Сарайшық ескерткішіндегі №6 қазба орынындағы жұмыстар», Қ. Ахмедияров атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі Д. Дощатов «Қасым ханның қасқа жолы – дәстүрлі құқықтық жүйенің бастауы (Қазақ құқықтық жүйесінің тарихы мен маңызына шолу)», А. Өтегенова «Қасым ханның 580 жылдығы және жас ұрпақтың тарихи тұлғаларға қызығушылығы» тақырыптарында

баяндама жасады. Конференция Қасым хан тарихын жан-жақты зерделеу, Сарайшықтағы археологиялық зерттеулердің маңызын арттыруға және тарихи сананы қалыптастыру мақсатын ұстанды. Қатысушылар өткізілген шараға оң баға беріп, өз пікірлерімен бөлісті. Конференциядан кейін барлық қатысушылар ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына саяхаттап, музей экспозициясымен танысты.




20 ақпанда ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті және «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы» РМҚК бірлесе «Алтын Орданың тарихи-мәдени мұралары: қорғау, қайта қалпына келтіру және зерттеу мәселелері» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел барысында ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі

Берекет Кәрібаев – «Қазақ хандығының тарихын кезеңдеу мәселелері», «Қазқайтажанарту» РМК бас директоры Алмас Әбдібаев – «Алтын Орданың тарихи-мәдени ескерткіштерін қалпына келтіру мәселелері», т.ғ.д., профессор Мадияр Елеуов – «Ұлы Жібек жолының керуен жолдары, олардың саяси, экономикалық-әлеуметтік маңызы», т.ғ.д., профессор Абай атындағы Алматы Ұлттық педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі Нұрлан Атығаев – «Жошы Ұлысы тарихы бойынша Иран және Түркия кітапханаларындағы кейбір дереккөздер», т.ғ.д., профессор «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК директоры Әбілсейіт Мұқтар – «Атырау облысындағы Алтын Орданың тарихи-мәдени мұралары, олардың зерттелуі», ҚР Ұлттық музейі, Археология және этнография бөлімінің ғылыми қызметкері Архад Молдахмет – «Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары (фольклорлық және жазба деректер бойынша)» атты тақырыптарда баяндамалар жасады. Күн тәртібінде көтерілген мәселелер мен зерттеу жұмыстары және оқылған баяндамалар қатысушылар тарапынан қызу талқыға түсті.



2025 жылдың 26 ақпанында «Өртке қарсы қауіпсіздік және терроризмге қарсы шараларды қамтамасыз ету» мақсатында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде Махамбет ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау майоры Р. Жақсылықұлы, Махамбет ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері азаматтық қорғау лейтенанты А. Нәсімов, Сарайшық ауылдық округінің бас маманы Е. Жақсылықов, «Сарайшық» музей-қорығының инженері А. Есмурзин, Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің шеберхана меңгерушісі Қ. Шаймарданов, «Бүлдіршін» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі А. Талғатқызы, «№1 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының шаруашылық меңгерушісі Р. Бұлқайдаров өртке қарсы қауіпсіздік пен терроризмге қарсы шараларды қамтамасыз ету және көктемгі су тасқынынан қорғану

тақырыбы аясында баяндамалар жасады. Шара соңында қатысушыларға сұрақтар қойылып, талқыланды.



18 сәуірде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Махамбет аудандық орталық кітапханасы бірлесе 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай «Тарихтан тағылым: өткеннің ізі, болашақтың негізі» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелге аудан жұртшылығы, тарихи мұраға жанашырлық көзқарастағы қоғам өкілдері қатысты. Мәдени шара барысында еліміздің тарихи-мәдени мұраларын сақтау, насихаттау және өлкетану бағытындағы мәселелер қозғалды. Дөңгелек үстелде «Сарайшық» музей-қорығының ғалым хатшысы, магистр А. Жұмабаев Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні жөнінде, аудан аумағындағы қорғауға алынған ескерткіштер туралы ақпарат берсе, бас инспектор, археолог А. Тұрарұлы Махамбет ауданындағы жаңа анықталған ескерткіштер мәселелерін қозғады. Аға ғылыми қызметкер, магистр Ж. Байғалиев тарихи ескерткіштердегі вандализм, балалар вандализмі туралы түсіндірме ақпарат берді. Музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар Махамбет ауданы тарихындағы өлкетану мәселелерін баяндады, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының басшы орынбасары Ф. Байдаулетов Атырау өңіріндегі құлпытастардағы ру таңбалары туралы өзекті мәселе көтерді. «Сарайшық» музей-қорығының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к. К. Мендігереев Махамбет ауданының ғалымдары туралы кітабын шығару жөнінде ақпарат берді. Шара соңында қатысушылар тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттау ісіне жаңаша серпін беру, өлке тарихына қатысты мәліметтермен көбірек бөлісу туралы өз ойларын ашық талқылады. Тарихи мұраға қызығушылығы бар азаматтардан аудан көлемінде өлкетану бағытындағы қоғамдық ұйымға бірлесу туралы ұсыныс айтылды.






«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ұйымдастыруымен 2025 жылдың жоспарына сай аудандық, ауылдық округ мекемелерінің мемлекеттік сатып алу мамандарының арасында тәжірибе алмасу мақсатында «2025 жылғы мемлекеттік сатып алу аудағы өзгерістер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мамандар атқарып жатырған жұмыстарын ортаға салып, пікір алмасты.



«Сарайшық» музей-қорығы қызметкерлері мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей мамандары арасында «Ғылыми қор жұмысы және музей қызметі» бойынша онлайн тренинг (семинар) өтті. Алғы сөзді музей басшылары Ғ.Теміртон мен Ә.Мұқтар сөйледі. Тренингтің алғашқы баяндамашысы Орталық музейдің қорды есепке алу бөлімінің жетекшісі А. Рахметова «Музейлік затты есепке алу: алғашқы тіркеу және қозғалыс үрдісі», жоғары дәрежелі қор сақтаушысы Н. Шойлиева «Ғылыми-қор жұмысы: музейлік құндылықтарды жинақтау, есепке алу және сақтау (Орталық музей тәжірибесінен)», археология бөлімінің аға ғылыми қызметкері О. А. Мякишева «Методика атрибуций археологической коллекции музея», экскурсия ұйымдастыру және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің жетекшісі Б.Т.Бағдаулетова «ҚР Мемлекеттік орталық музейінің экскурсиялық қызметі» тақырыптарында баяндама жасады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1075405427947035&set=pcb.1075405494613695>



«Сарайшық» музей-қорығы отбасылардың музейге деген қызығушылығын анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізіп, «Отбасымен – музейге қызықты ма?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Көрермендердің көбі музейге бару — пайдалы әрі қызықты екенін, мұндай сапарлар балалардың білімін арттырып, отбасылық байланысты нығайтатынын атап өтті.

Дөңгелек үстелде музей-қорық қызметкерлері мазмұнды жаңарту, интерактивті және отбасылық шараларды көбейту туралы ұсыныстар айтты. Қорытынды: қоғамда музейге деген оң көзқарас қалыптасқан. Ендігі міндет — музей-қорықтың отбасыға бағытталған жұмыстарын жандандыру.



18 маусымда музей-қорықтың ұйымдастыруымен «Сарайшық керамикасы» атты халықаралық ғылыми семинар өтті. Семинарда Анкара университетінің ғалымы, PhD доктор ортағасырлық керамика бойынша маман Мухаррем Чекен, Ресей Федерациясының археологы В.В. Плахов және музей-қорықтың археологы А. Жұмабаев баяндама жасады. Қатысушылар баяндамашыларға сұрақтар қойып, ой-пікір алмасып, археологиялық зерттеулердегі тәжірибелермен бөлісті.

Сілтеме:

<https://www.facebook.com/museumreservesaraihyq/posts/pfbid0Ba3FLfxW5PDzkvJ3mg4YWQ8jJZ7CTzRQ9Cspz3fVx7bYaHD6PBteYtieCNQnBJhAl>



3 қазанда «Сарайшық» музей-қорығының және Махамбет ауданы әкімдігі бірлесе ұйымдастыруымен «Жастар саясаты және әлеуметтік қорғау» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге Атырау облысындағы аудан әкімдіктерінің қызметкерлері мен музей-қорық қызметкерлері, т.б. қатысты. Шарада Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Жексенбай Дүйсенбайұлы Пазулов «Халықты әлеуметтік қорғау жүйесі-әлеуметтік саясаттың негізі» тақырыбында, Махамбет аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Ақжол Сатыбалдыұлы Қонысбаев «Жастар-қоғамның болашағы мен қозғаушы күші» тақырыбында, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-нің бас инспекторы Айбек Тұрарұлы «Жастарға бағытталған мәдениет: музей-қорық пен әлеуметтің ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада музей-қорықтың жастармен ынтымақтастықтағы жұмыстары баяндалып, тарихи-мәдени мұраны насихаттауға назар аударылды. Баяндамашыларға сұрақтар қойылып, қатысушылар арасында ашық пікір алмасу өтті. Шара соңында аудан әкімдіктері мен «Сарайшық» музей-қорығы арасындағы тарихи-мәдени мұра саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі болды.



22 қазанда «Сарайшық» сапар орталығында музей-қорықтың ұйымдастыруымен Сарайшық мұрасын зерттеуге үлкен үлес қосқан өлкетанушылар Молдаш Бердімұратов пен Өтепберген Әлімгерейге арналған «Сарайшық – тарихи мұраның алтын қазығы» атты дөңгелек үстел өтті. Шараның алғы сөзін музей ардагері, өлкетанушы Жанұзақ Ғизатов ашып, Сарайшықтың тарихи маңызына тоқталды. Қарымды қаламгер, жазушы Өтепберген Әлімгерей туралы Қазақстанның құрметті журналисті, Халықаралық жазушылар одағының мүшесі, Құрмет орденінің иегері Төлеген Жаңабайұлы баяндама жасады. Ал «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығының құрылуы мен дамуына зор еңбек сіңірген Молдаш Бердімұратов туралы шәкірті, ақын Тарас Наурызәлі өз ойымен бөлісті. Өтепберген Әлімгерейдің ғылыми еңбектері мен Қазақстан ғылымына қосқан үлесін техника ғылымдарының докторы, профессор Есенғали Ғилажұлы Ғилажев атап өтті.

Өлкетанушылар мен олардың мұрасы туралы ауыл ардагері Нығмет Құрмашұлы мен музей-қорықтың бас инспекторы Айбек Тұрарұлы да өз пікірлерін білдірді. Шара екі өлкетанушының музей-қорықтың дамуына және Сарайшықтың тарихын кеңінен таратуға қосқан айрықша үлестерін атап өту мақсатында ұйымдастырылды.





5.3. Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы

Есепті жылдың 18 ақпан күні музей-қорықтың ғалым хатшысы Амангелді Жұмабаев Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және Ратушаға алғаш Жеңіс туын тіккен қазақ батыры Кенжебай Мәденовтың 100 жылдығына арналған «Ұлы Отан соғысы: ерлік пен қаһармандық жолы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатынасып, «Новобогат ауданының Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі» тақырыбында баяндама жасады.



2 наурызда "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғалымдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ұйымдастырған "Алтын Орда және Қазақ мемлекетінің қалыптасуы" атты дөңгелек үстелге қатысты. Дөңгелек үстелде т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар, РФ, Татарстан Республикасы Казань Федеральді университетінің Халықаралық қатынастар, тарих және шығыстану институты, Халықаралық және әлемдік тарих қатынастарының жоғары мектебінің «Археология және реставрация» кафедрасының доценті, т.ғ.к., С. Валиулина және басқа ғалымдар баяндама жасады. Сондай-ақ, Алтын Орда ыдырауы, елдің Евразиядағы ролі, шыны өндірісі мен ақша айналымы, алтынордалық Сыр өңірі қалалары туралы жаңа деректер тыңдалды.



2025 жылғы 12 наурызда “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ғалымдары Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы және Мемлекет тарихы институты ұйымдастырған тарихшы ғалым, Академик Кеңес Нұрпейісұлының 90 жылдығына орай “Дарабоз тарихшы” атты дөңгелек үстелге қатысты. Дөңгелек үстелде Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, т.ғ.д., профессор Б. Аяған, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д. З. Дүкенбаева және өзге де ғалымдар баяндама жасады.



29 сәуірде М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен өткен «Кушаев оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына А. Тұрарұлы «Сарайшық» музей-қорығы: 2024 жылғы археологиялық қазба қорытындылары» тақырыбында баяндама жасады.



2025 жылдың 15 мамырында “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Ә. Мұқтар Түркістан қаласында «Қожа Ахмет Ясауи» еңбектеріне арналған арнаулы халықаралық симпозиумға қатысты.



2025 жылдың 19 мамырында “Сарайшық” музей-қорығының директоры Ә. Мұқтар мен суретші-қайта қалпына келтіруші маман О. Кендір Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің және “ТҮРКСОЙ” түркі мәдениетінің халықаралық ұйымның қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде өтіп жатырған Қазақстан музейлерінің III конгресіне қатысты.



8 шілдеде ғалым хатшы А. Жұмабаев Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының ұйымдастыруымен Абай облысындағы Алакөл демалыс аймағында өткен «100 жылдық жол: Жас ұстаз – жаңа дәуірдің тірегі» атты дәстүрлі республикалық жазғы лагерь жұмысына қатысып, «Сарайшықтағы соңғы жылдардағы зерттеулер нәтижелері» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама тыңдаушылары өздерінің қызықтырған сұрақтарына жауап алып, пікір алмасылды.



4 тамыз күні «Сарайшық» музей-қорығың ғылыми қызметкерлері К.Каримова мен А.Мұстажап Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында орналасқан «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұйымдастырған «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңба-белгілері» ғылыми семинарына онлайн форматта қатысты.



«Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» халықаралық ғылыми симпозиумы аясында «Тарихи-мәдени мұра объектілерінің инфрақұрылымын дамыту және туристік аймаққа айналдыру» атты 3-секцияның отырысында музей-қорық қызметкерлері А.Жұмабаев, А. Мұстажап, К. Каримова баяндама жасады.



6 Мәдени білім беру, дәрістер

2025 жылғы 17 қаңтар – 17 наурыз аралығында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының «Алтынордалық Сарайшық және әлемдік өркениет» атты жылжымалы көрмесі Атырау қаласы (М. Бекмұхамбетов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп, №20 мектеп-лицей,) Махамбет ауданы (Есбол орта мектебі) және Исатай ауданы (Аққыстау орта мектебі, Жұмабай Мырзағалиев атындағы орта мектеп, Хамидолла Наубетов атындағы орта мектеп, Абай Құнанбаев атындағы орта мектеп) мектептерінде өткізілді. Көрме барысында оқушыларға Сарайшық қаласын зерттеу барысында табылған жәдігерлер назарға ұсынылып, Алтын Орда тұсындағы қала тарихы баяндалды және «Ортағасырлық Сарайшықтың археологиялық жұмыстары» тақырыбында дәрістер оқылды. Дәрістерді археологтар А.Жұмабаев пен Ж.Байғалиев өткізді. Сонымен бірге «Sarayshyq QUIZ» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды. Шараларға 3 мыңнан аса оқушы қатысты.



2025 жылғы 21 қаңтарда “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Қысқы мектеп» жобасы аясында "Алтынордалық Сарайшық тарихи мәселелері" тақырыбында дәріс оқыды. Жиынға еліміздегі ЖОО мен ғылыми орталықтарынан 130 астам тарихшы ғалымдар қатысты.



14 мамырда музей-қорықтың ғылыми қызметкері К. Каримова Атырау қаласындағы М. Бекмұхамбетов атындғы жалпы білім беретін орта мектептің 11-сынып оқушыларына қыш ыдыстар туралы дәріс оқыды. Дәріс музей-қорықтың әлеуметтік желілердегі парақшаларында «Отта туғандар» айдарында көрсетілді.



Ортағасырлық Сарайшық қалашығындағы археологиялық зерттеулерге қатысқан Анкара университетінің студенттеріне музей-қорықтың аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к. К. Меңдігереев Атырау өңірінің тарихы туралы дәріс оқыды. Археологтар А. Тұрарұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев студенттердің қазба барысында туындаған сұрақтарына жауаптар берді.



26 маусым «Сарайшық» музей-қорығының аға ғылыми қызметкері Ж. Байғалиев Анкара университетінің студенттері мен магистранттарына қазбадан табылған теңгелерді тазалау және жәдігер паспортын толтыру бойынша шеберлік сағатын өткізді.



27 маусымда «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкерлері Анкара университетінің студенттерімен кездесу өткізді. Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қызығушылығы бар жастармен өзара тәжірибе алмасып, мазмұнды да әсерлі әңгіме өрбіді.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/reel/717694124334217>



27 тамызда бөлім ғылыми қызметкерлері Сарайшықтағы қазба жұмысына қатысушы нумизмат ғалым, т.ғ.к. П.Н. Петровтың Сарайшықта табылған тиындары жөнінде «Сарайшық және оның маңындағы нумизматика зерттеулерінің перспективалары» тақырыбындағы дәрісіне қатысты. Дәріс барысында тиындарға байланысты сұрақтар қойылып, оған жауаптар алынды.



«Маман кеңесі». Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының археологтары экскурсия жетекшілеріне ортағасырлық Сарайшық қаласының орнынан табылған нысандарды таныстырып, арнайы дәріс оқыды. Экскурсиялық қызметтің сапалы болуы нақты, дәлелденген, ғылыми тұжырымдалған ақпарат ұсынумен ерекшеленеді.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1182056030615307&set=pcb.1182056063948637>



18 қыркүйекте музей-қорықтың ғылыми қызметкерлері мен экскурсия жетекшілері нумизмат ғалым, т.ғ.к. П.Н. Петровтың Жошы Ұлысы тиындары туралы дәрісін тыңдады. Дәріс барысында ғалым әлем музейлеріндегі тиындар экспозициясы жөнінде мәліметтер беріп, Жошы тиындарының анықтамасын, кейбір ерекшеліктерін, эпиграфикасының оқылуы туралы түсіндірме берді.



21 қазан күні «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері Ж. Байғалиев 25 қазан – Республика күніне арнап Атырау облысы, Бейбарыс ауылындағы А. Байтұрсынов атындағы орта мектеп оқушыларына «Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы және оның дамуы» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс барысында Қазақ хандығының астанасы болған — Сарайшық қаласының тарихы, археологиялық зерттеулердің нәтижесі және тәуелсіздік кезеңінде ескерткіште жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мағлұматтар берілді.



21 қарашада қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, географ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының тарихи-мәдени мұраны қорғау инспекторы Амангелді Жұмабаев Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің география-тарих мамандығының 2 курс студенттеріне «Шығыстың жарық жұлдызы» тақырыбында дәріс оқыды.



7 Конкурстар және зияткерлік ойындар

«Сарайшық» музей-қорығы жылдық жоспарға сәйкес “Saraishyq QUIZ” интеллектуалды ойынын ұйымдастырды. Шараға Сарайшық ауылының 6 мекеме қызметкерлері қатысып, өзара тартысты өткен сайыста Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебі 1-ші орынды иеленді.



Музей түні шарасы барысында музей залдарында интеллектуалды ойындар ұйымдастырылып, қатысушылардың білімдері мен зияткерлік қабілеттері шындалды. Бұл іс-шара келушілердің тарихи-мәдени білімдерін кеңейтіп, олардың музейге деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Жүйрік қатысушыларға сыйлықтар табысталды.



22 қазанда «Сарайшық» сапар орталығында 25 қазан – Республика күніне орай «Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері Карина Каримованың ұйымдастыруымен «Республика жолы: Тәуелсіздікке саяхат» атты мектеп оқушыларына арналған қызықты квест ойыны өтті. Ойынға Қ. Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің 10 «А», 10 «Б», 11 «А» және 11 «Б» сынып оқушылары қатысып, өз білімдері мен тапқырлығын көрсетті. Жеңімпаздар жүлделі орындармен марапатталды.



8 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі

8.1. Ескерткіштерді сақтау, қорғау, вандализмге қарсы жұмыстар

Қаңтар айында бөлім қызметкерлері ортағасырлық Сарайшық қаласы орнындағы археологиялық нысандарды қайта қалпына келтіруге ұсыныс жоба әзірленді. Ол Сарайшықты дамыту, музейлендіру тұжырымдамасына енгізіліп талқылауға ұсынылды. 24 қаңтарда Алматы қаласында Сарайшық қалашығының дамыту тұжырымдамасын іске асыру мәселелеріне арналған ғылыми техникалық кеңес өткені туралы Ғылыми-техникалық кеңес бөлімінде қамтылған. Сонымен қатар, 20 ақпанда ҚР Мемлекеттік орталық музейінде музей-қорық ұйымдастыруымен «Алтын Орданың тарихи-мәдени мұралары: қорғау, қайта қалпына келтіру және зерттеу мәселелері» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өткені туралы музей-қорықтың ұйымдастырған шараларында келтірілген. Аталған шаралар Сарайшық ескерткішін сақтауға, қорғауға қатысты ұйымдастырылды.

Наурыз айында Атырау облысының тасқынға қарсы шаралары аясында ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішінің Жайық өзені жағалауындағы бөгетте нығайту жұмыстары жүргізілді. Нығайту жұмыстары бөлім инспекторларының бақылауымен өткізілді.



22 сәуірде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының инспекторлары Махамбет ауданы Полиция бөлімі қызметкерлерімен бірге Қ. Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің 8-11 сынып оқушылары арасында тарихи-мәдени мұра

объектілерін және мәдени ескерткіштерін вандализмнен сақтау және алдын-алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



8.2 Ескерткіш орнындағы реставрациялық жұмыстар

«Қайқайтажаңарту» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында 2025 жылы төмендегідей жұмыстарды атқарды:

Туристер кіретін негізгі қақпаның сырт келбетінің сылағын топырақ түстес реңде қайта сылап шықты. Бұрынғы қабыршақты етіп жасалған сылақты тегіс етіп өзгертті.

Ортағасырлық тұрғын-жайдың ескі сылағын қырып алып тастап, жаңадан бетонды негіздегі төзімді сылақ жағылды. Тұрғын үйдің ішкі қабырғасын ақ түспен әктеп шықты. Еденіне саз балшықты сылақ құйылды.

Шынымен жабылған балық кәсіпшілігіне арналған экспозицияға жөндеу жұмысын жүргізді. Желдеткіш саңылаулар жасап, суағар жолдары мен шахтасын қалпына келтірді. «Хан моласы» нысанындағы екі сағанаға қайта қалпына келтіру жұмысын жүргізді. Ол жөнінде қыркүйек айында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында «Қазқайтажаңарту» РМК-нің архитекторы Г. Камалова, қызметкерлер Е. Соколова және Р. Комаев ескерткішті қайта жаңғырту бойынша жаңа жоба жасау үшін «Сарайшық» музей-қорығының қызметкерлерімен кездесіп кеңес өткізді. Сағаналар айналасы топырақтан ашылды. Шығыс сағана күмбезін толықтай қалпына келтірді. Батыс сағананың түгелдей бұзылған солтүстік қабырғасын қалпына келтірді. Сағананың барлық қабырғаларын бірдей етіп күмбезге дейінгі деңгейде қалпына келтіру жұмысын жүргізді.

Зираттың солтүстік жағына қоршау тұрғызды және туристерге арналған соқпақ жолға тақтатас төсеу жұмыстары жасалынды. Қазіргі уақытта «Хан моласы» нысанындағы қайта қалпына келтірілген екі сағананың төбесін жабу жұмыстары, негізгі қақпа алдына топырақтан үйінді жасау жұмыстары жүргізілуде.






Ортағасырлық Сарайшық қаласында XIV ғасырдағы балық шаруашылығына арналған арнайы экспозиция құру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді. Бұған негіз болған 2022–2024 жылдардағы Жайық өзенінің жағалауындағы қазба жұмыстары кезінде балық шаруашылығының қала экономикасы үшін маңыздылығын дәлелдейтін тұрмыстық заттар табылғаны болатын.

2025 жылдың қаңтарынан бастап музей-қорық әлеуметтік желі арқылы хабарландыру беріп, балық аулау құралдары мен жабдықтарын жинауды жыл бойына жалғастырды. Осы жүргізілген жұмыстар арқасында музей коллекциясы ежелгі балық аулау торлары мен қайықтар, сүңгі, бөшкелер, балық муляждары сияқты жәдігерлермен толықты.

Сонымен қатар, балықты ыстауға арналған пеш, темірді балқытуға арналған пеші бар ұстахана, ортағасырлық тұрғын жәй бөлігі де қайтадан қалпына келтіріліп, көрермен назарына ұсынылды.

Табылған құрылымдар мен кәсіпшілік орыны қаланы толыққанды музей кешеніне айналдырудың бес жылдық жоспары аясында ғылыми реставрациядан өтті.

Экспозиция балық аулау технологиясын ғана емес, сонымен қатар орта ғасырлардағы Каспий аймағының экологиялық ерекшеліктерін де көрсетуді мақсат етеді.



8.3 Ғылыми жобалар, архивтегі зерттеу жұмыстары

Ағымдағы жылдың 30 қаңтарыда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің шешімімен «ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі» ретінде қайтадан 5 жылға аккредиттелді. Аккредиттеу туралы куәлік музей-қорыққа ғылыми зерттеу жұмыстарының барлық түріне қатысуға мүмкіндік берді.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2023-2025 жылдарға арналған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде музей-қорық «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының 2025 жылғы қорытынды кезеңін сәтті орындады. Бағдарлама жетекшісі – т.ғ.д., профессор Ахметова Ұлжан Төлегенқызы. Бағдарламаның мақсаты - XIII-XV ғғ. Жошы Ұлысының (Алтын Орда) қала мәдениеті ескерткіштерінің тарихи-мәдени мұралары – Сарайшық, Ащысай, Қарағайлыны кешенді зерттеу.

Бағдарламаның биылғы ғылыми жаңалығы Ұшқан қаласында алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілуі, Сарайшық, Ащысай, Қарағайлы, Ұшқан ескерткіштеріндегі жануар сүйектеріне археозоологиялық талдау жасалуы және «Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары: тарихы және археологиясы» монографиясының жарық көруі болып табылады.

Бағдарлама еліміз үшін негізгі нәтижелілігі ортағасырлық тарихымызды насихаттаған туризм саласын дамытуға зор мүмкіншіліктерге жол ашылды және техникалық-экономикалық көрсеткішіне тоқталсақ, Қазақстанның батыс өңіріндегі туризмді дамытуға, соның ішінде ортағасырлық Сарайшықта ашық аспан астындағы музей экспозициялық алаңын жасақтауды жалғастыруға мүмкіншілік береді. Бағдарлама аясында зерттеу саласына мамандарды, жұмыссыз ауыл жастары жұмыспен қамтамасыз етілді.

2025 жылғы күнтізбелік жоспарына сәйкес бағдарлама жетекшісі, т.ғ.д. У.Т. Ахметованың 23 мамыр мен 01 маусым аралығындағы Астана қаласына іс-сапарға барып қайтты. Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің №83 қоры құжаттарымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиялық кітапханасы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігі Архив істері мен құжаттаманы басқару комитетінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РМК кітапханасы және Жошы Ұлысы ғылыми зерттеу институтында жұмыстар жүргізілді.

Бағдарлама мүшелері Ә.Мұқтар және А. Жұмабаев 2025 жылдың қыркүйек-қазан айларында Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласындағы бағдарламасының күнтізбелік жоспарына сәйкес Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласында Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінде, Ресей Ғылым академиясы Архивінің Санкт-Петербург филиалында, Ресей ұлттық кітапханасында, Мемлекеттік Эрмитаж музейінің ғылыми архивінде ғылыми-зерттеу ізденістерін жүргізді.

Сонымен қатар, бағдарлама аясында алғаш рет 4 жерде, Сарайшық, Қарағайлы, Ащысай, Ұшқан ескерткіштерінде қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары, археологиялық барлау экспедициясы туралы Археологиялық қазбалар және экспедиция бөлімдерінде толық мәліметтер келтірілген.



24 шілде – 2 тамыз аралығында музей-қорық ғалымдары Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № AP19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы аясында алтынордалық қалалар орнын зерттеу экспедициясына шықты. Экспедиция барысында Ресей Федерациясы аумағындағы Лапас, Селитренный, Гүлстан, Бельджамен, Үкек, Мохша, Азак, Маджар және Қажы-Тархан ескерткіштері зерттеліп, олардың материалдарын Сарайшық материалдарымен салыстыру жүргізілді.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2024-2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» жобасы бойынша 2025 жылы атқарылған бағдарламаның орындалуы жөніндегі есеп Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының сайтына уақытында жүктеліп, нәтижесінде сарапшылардың оң бағасын алды. Есеп Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетіне тапсырылды. 2025 жылдың 18 желтоқсанында өткен Ұлттық Ғылыми Кеңестің №17 отырыс хаттамасының №12 үзіндісіне сәйкес қорытынды есепті мақұлдау туралы шешім қабылданды.

Музей-қорықтың 2023 жылдап бастап орындап жатырған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға гранттық қаржыландыру бойынша ЖТН АР19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы 2025 жылы календарлық жоспарға сәйкес орындалып, жылдық қорытынды есебі тапсырылды. 2025 жылдың 18 желтоқсанында өткен Ұлттық Ғылыми Кеңестің №17 отырыс хаттамасының №8 үзіндісіне сәйкес қорытынды есепті мақұлдау туралы шешім қабылданды.

23 маусым – 2 шілде аралығында музей-қорықтың ғылыми қызметкері Каримова Карина Астана қаласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивінде, музейлерде, кітапханаларда ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді.



8.4 Экспедициялар

29 қаңтарда бөлім мамандары жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ортағасырлық Сарайшық қаласынан шамамен 15-20 шақырым қашықтықта орналасқан Күліш керуен-сарайы маңында археологиялық барлау экспедициясын өткізді. Экспедиция Күліш керуен-сарайынан оңтүстік-шығысқа 50-60 шақырымға дейін аумақты зерттеді.



12 ақпанда бөлім қызметкерлері ортағасырлық қала орналасқан Жайық өзенінің қарсы, Бұқар бетіне археологиялық барлау жүргізді. Барлауда жаяу жүріп көзбен шолу әдісі қолданылды. Жайық өзенінің Азия жақ бетінде қала орны болған деген гипотезаны тексеру мақсатында Жайық өзенінің жарқабақ стратиграфиясы, Бұзаутүбек аймағының төңірегі, Қызылжар, Қалабасы маңы тексерілді. Жер бетінде ортағасырлық қалаға тән айқын белгілер көзге шалынбады.



1 сәуірден бастап «Сарайшық» музей-қорығының археологиялық экспедициясы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ)» бағдарламасын орындау мақсатында далалық зерттеу жұмыстарын атқарды. Жылыой ауданында орналасқан ортағасырлық Ұшқан қаласы орнында далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ескерткішті барлау кезінде қазба жүргізуде мол ақпарат беруі мүмкін орындар нақтыланды.



Ағымдағы жылдың 24 қыркүйегінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы музей-қорықтың ғылыми қызметкерлері көне керуен жолы бойындағы нысандарды анықтау мақсатында экспедицияға шықты. Экспедиция барысында керуендер жолындағы ескі құдықтар орны зерттеуге алынып, жергілікті тұрғындардан ақпараттар жиналды. Археологиялық экспедиция Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Тасқұдық, Қырыққұдық, Білеулі, Шеңгелді құдықтарына сапарлады. Бұл құдықтар қазіргі Мақат ауданының шөлейт жерлерінде көш, керуен жолдарында қазылып, тұрақты сумен қамтуда маңызы зор бекеттер болған. Кейбір құдықтар қазіргі кезде де жанарғыртылып, мал шаруашылығы саласында елеулі қызмет көрсетіп отыр.



8.5 Археология жұмыстары және шетелдік әріптестік байланыстар

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының археологтары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында ортағасырлық Ащысай қаласында қазба жұмысын жүргізді.

2025 жылғы археологиялық маусымда Ащысай қаласы үстіне 3 қазба түсті. Қазба жүргізуге жер бетінде байқалған нақты құрылыс іздері бар орындар таңдап алынды. Қазбалар көлемі сол құрылыстар шекарасына тәуелді түрде қазылды.

№1 қазба ескерткіштің солтүстік бөлігінде, Ащысай өзегінен шығысқа, зират маңынан қазылды. Бұл жерде беткі қабатта байқалған тандыр пеш құрылысын ашу барысында бір бөлменің сұлбасы анықталды. Пішіні бойынша трапецияға жақын.

№2 қазба орны да беткі қабатта қыш кірпіштен салынған ошақты пеш пен бір арналы қан байқалып жатқан жерге салынды. Қазба көлемі 5x5 м. Ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Пеш ауыз қуысы солтүстікке қараған. Қан арнасы батыстан шығысқа

қарай созылған. Пеш құрылысының айналасы тазартылды. Ешқандай бөлме қабырғалары анықталған жоқ. Осыған байланысты бұл пеш шыбық ағаштармен торланып, сыртынан саз балшықпен соғылған қабырғалардан тұрғызылған үй ішінде болған болса керек.

№3 қазбадан 2 бөлме ашылды. Ескерткіштен 30-ға жуық тиындар табылды. Мал сүйектерімен қатар балық сүйектері де көп кездеседі. Каури қабыршағы табылды. Табылған жәдігерлер мен ақшаларға қарағанда қала сауда керуен жолымен тығыз байланысқан болса керек.



Мамыр айынан бастап «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында ортағасырлық Қарағайлы қаласында қазба жұмыстары жүрді.

Қарағайлы қаласы орнына жүргізілген қазбада қала тұрғындарының қоқыс қалдығын тастаған 13 шұңқыр ашылды. Шаруашылық шұңқырларын тазалау кезінде көптеген сырлы және сырланбаған қыш ыдыстар сынықтары кездесті. Сонымен қатар көптеген мал сүйектері, балық сүйектері шықты. Табылған сүйектер археозоологиялық сараптау орнына берілді. Шұңқырлардың бәрінің қабырғасы тік, түбі тегіс келген. Пішіні дөңгелек немесе төртбұрыш түрінде болды. Метал қалдықтары мен өндірістік шлактар метал өңдеу кәсібі болғанынан хабар береді.



Маусым айында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында ортағасырлық Ұшқан ескерткішінде қазба жұмыстары жүрді.

Қазба ескерткіштегі зираттың солтүстік-шығыс шетінде орналасқан төбе үстіне салынды. Қазбада 1 м тереңдіктен ұлтас блоктарынан салынған құрылыс ғимараты ашылды. Ғимарат қабырғаларының блоктары кей жерінде бұзылып алынған. Бөлме есігі батыс қабырғаның оңтүстік шетінде. Есік астында табалдырық жасалған. Бұл есікке қарама-қарсы шығыс қабырғада да есік орны анықталды. Ғимаратқа арнап плинфа тәріздес ұлтас кесектері кесілген. Алебастр сылағы пайдаланылған. Қазба айналасынан ортағасырлық тиындар табылды.

Байқауымызша бұл құрылыс көлемді келген керуен-сарайдың бөлігі деп болжалды. Ескерткіште тұрғын жайлардың кездеспеуіне қарағанда бұл жерде қала емес, керуен-сарай орналасқан болса керек.



15 маусымнан бастап көне Сарайшық қаласының орнындағы №2 қазбада зерттеу жұмыстары басталды. Бұл жұмыстар Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы аясында жүргізілді. Қазба аумағы оңтүстік-шығыс бағытқа кеңейтілді. Нәтижесінде, үстіңгі мәдени қабатта орналасқан қыш кірпіштен салынған бір арналы қаны бар ошақ пештер анықталды. Одан төмен қабатта саман кірпіштен салынған тұрғын үй бөлмелері ашылды. Жұмыс барысында ондаған мыс тиындар, сырланған және сырланбаған керамикалық ыдыстардың сынықтары, металл бұйымдар қалдықтары, сомтемір дайындамалары табылды. Анықталған шаруашылық шұңқырлары ішінен қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері алынды. Сүйектерге арнайы мамандардың зерттеулері үшін тазарту жұмыстары жүргізілді.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 2019 жылы Түркия Республикасы Анкара университетімен жасалған келісімшарт аясында, тарихшы және археолог ғалымдармен 2025 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласын зерттеу бойынша бірлескен жұмыстар жүргізуге келіскен. Осы келісімшарт бойынша Анкара университетінің археологы, PhD доктор Мухаррем Чекен қазбаға қатысып, өз зерттеулерін өткізді. Ғалым алтынордалық керамиқаны зерттеу бойынша ізденістер жүргізді.

Сондай-ақ Сарайшық қаласы қазбаларымен, онда табылған материалдармен Ресей Федерациясының археолог ғалымдары, А. Халиков атындағы Археология институтының директоры, т.ғ.д. Айрат Габитович Ситдиқов, т.ғ.д. Евгений Михайлович Пигарев, археолог Вячеслав Васильевич Плахов, Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, т.ғ.к. Ақан Оңғарұлы танысып, ескерткіште жүріп жатырған зерттеулерге қызығушылық танытты.





2025 жылы Сарайшық қалашығындағы №6 қазба орнында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бірқатар маңызды материалдар берді. Көлемі үлкен және сәулеттік құрылысы ерекше болған құрылыс ғимараты табылды. Нысан ішінен бағаналарға арналған тас қаландылар анықталды.

Зерттеу барысында жобасы мен құрылымдық сипатты әр түрлі 8 тұрғын бөлме ашылды. Бөлмелердің құрылыс ерекшеліктері, қабырғалары, едені, жылу жүйелері анықталып, сәулеттік кешені, оның құрылымы нақтыланды.

№1 және №2 бөлмелерден кан арналары мен тандыр пеш қалдықтары табылып, олардың тұрғындардың үй-жайы қызметін атқарғанын көрсетті. №3 және №4 бөлмелерде құрылыс іздерінің сақталуы әлсіз болғанымен, шаруашылық немесе қоймалық мақсаттағы элементтер, соның ішінде қамыс төселген шаруашылық шұңқырлары анықталды. №5 бөлме қабырғаларына фахверк түріндегі құрылыс тәсілі қолданылғаны тіркелді. Бұл алынған мәліметтер ортағасырлық Сарайшық тұрғындарының құрылыс мәдениеті жоғары болғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, кейбір бөлме қабырғалары мен едендерінде алебастр сылақтарының кездесуі олардың салтанаттық сипатқа ие екенін, эстетикалық және сәндік көрінісін көрсетеді. Сағана аумағында және оның маңындағы жерлеу орындарының зерттеуі ортағасырлық қала тұрғындарының жерлеу ғұрпы мен мемориалдық ескерткіштері туралы мәліметтер бере алады. Табылған жәдігерлердің сипаттамасы қосымшада берілген. Қазба аумағынан жүздеген тиындардың табылуы қаланың экономикалық және мәдени байланыстарының кеңдігін көрсетеді. Табылған тиындарды нумизмат Павел Петров өз зерттеу аумағына алды, тиындар тізімі жасалынды.

Жалпы айтқанда, 2025 жылғы №6 қазбаның нәтижелері Сарайшық қаласының қалалық құрылымын, тұрғын үй кешендерінің жоспарлану жүйесін, құрылыс техникасы мен мәдени-археологиялық даму кезеңдерін нақтылауға бағытталды. Алынған деректер келешекте ортағасырлардағы қала топографиясын қалпына келтіруге негіз бола алады. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Түркия Республикасының Анкара университеті арасындағы ынтымақтастық аясында тәжірибе алмасу үшін

Сарайшықтағы №6 қазбаның жұмыстарына Анкара университетінің магистранттары мен бакалаврларынан тұратын студенттік топ қатысты. Түркия студенттері ортағасырлық кезеңнің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге қатысып, музей-қорық археологтарынан археологиялық әдістерді меңгеруді үйреніп, далалық қазба жұмыстарының қыр-сырымен танысты.



2025 жылғы тамыз айында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында жалғасқан қазба жұмыстарына Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері Әли Әлімбекұлы, ресейлік нумизмат П. Петров, ресейлік археолог В. Плахов қатысты. Қазба барысында анықталған нысандарды заманауи әдістер, жаңа технологиялар көмегімен тіркеу қолға алынды. Қазбаның мәдени қабаттарынан табылатын көне тиындарды жүйелеу, сақтау бойынша туындайтын мәселелер талқыланды.



8.6 Ауыл тұрғындарын жұмысқа тарту

Музей-қорық 2021 жылдан бастап облыс, ауыл көлемінде жұмыссыздық мәселесін шешуге ат салысып жүр. Ғылыми жобалар аясында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Атап айтқанда, алғашқысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінен 2023- 2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландырудан ұтқан «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасына:

2023 жылы – 14 адам

2024 жылы – 20 адам

2025 жылы – 26 адам жұмысқа тартылды.

Сонымен қатар, музей-қорықтың ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2024-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Үшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында Сарайшық, Қарағайлы, Ащысай ескерткіштеріндегі ағымдағы жылдың шілде-қазан айлары аралығындағы қазба жұмыстарына 2024 жылы - 60 адам, 2025 жылы – 56 адам жұмысқа тартылды.

Қорытындылай келгенде, қазіргі таңда музей-қорық орындап отырған жобалардың ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етуі, қазба орындарының табылған қоғамдық ғимаратты, тұрғынжайларды көру мақсатында Ортағасырлық Сарайшыққа туристтердің көптеп келуі жобаның экономикалық тиімділігін көрсетеді.

9 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары

Ғылыми қор және музей қызметі бөлімі 2025 жылғы жылдық жұмыс жоспарына сай бөлім қызметкерлерін атқарылуы тиіс міндеттерімен таныстырды. 2025 жылы бөлім толық жасақталған бірлікте жұмыс істеуде, яғни бас қор сақтаушы, қор сақтаушы, экскурсия жетекшілері, әдіскер, суретші-қалпына келтіруші.

Ғылыми қор және музей қызметі бөлімі ағымдағы жылда 22 көрме өткізді. «Алтынордалық Сарайшық және әлемдік өркениет» тақырыбындағы дәріс көрмесі облыс бойынша білім ошақтарында өткізілсе, атаулы күндер мен облыс көлеміндегі ірі шараларда да Сарайшық музейінің жылжымалы көрмесі ұйымдастырылды. Биыл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде, Алматы облысы Шамалған селосының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында, Ресей Федерациясы, Астрахань облысы, Володар ауданы, Алтынжар ауылындағы Құрманғазы атындағы өңірлік мәдени орталығында ортағасырлық Сарайшықты насихаттайтын тарихи жәдігерлер көрмесін өткізуге қол жетті. Одан өзге, «Сарайшық» музей-қорығының тарихи нысандарын тамашалауға келген көрерменге Сапар Орталығы, Хандар кесенесі, этнографиялық музей, ортағасырлық Сарайшық қаласының орнын, атап айтқанда балық шаруашылығы өндіріс орны, ортағасырлық тұрғынжәй, «Хан моласы» тарихи нысандарын таныстыру толыққанды жүзеге асырылды.

9.1 Қор және реставрация жұмысы

Ғылыми қор және музей қызметі бөлімі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнайы комиссияның 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №1 хаттамасы негізінде комиссияға ұсынылған 2022 жылғы №2 археологиялық қазба нысанынан табылған 49 (127 жәдігер), 2023 жылғы №3 археологиялық қазба нысанынан табылған 90 (99 жәдігер), 2022 жылғы №2 археологиялық қазба нысанынан табылған 45 (тиындар), 2022 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласына жүргізілген археологиялық қазба барысында табылған 49 (59 жәдігер) жәдігерді музей қорына қабылдау туралы шешімін жүзеге асырды. Сонымен қатар, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі ортағасырлық Сарайшық қалашығына 2023 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған материалдар мен олжаларды тапсырды. Жыл басынан бері «Музейге-сый» акциясы бойынша түскен жәдігерлерді қоса есептегенде музей қоры 613 дана археологиялық олжа мен материалдармен толықты.



«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қор сатып алу (іріктеу) комиссиясы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарихи-мәдени мұра мәселелері

жөніндегі арнайы комиссияның шешімін негізге ала отырып, 2023 жылы жоғарыда көрсетілген археологиялық қазбалар барысында табылған құнды жәдігерлерге сараптама жасап, оларды музей қорына қабылдау туралы шешім қабылдады. Атап айтқанда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII–XIV ғғ.)» жобасы (2023 ж., №2 қазба); ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің BR10164208 бағдарламасы бойынша жүргізілген «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» жобасы (2023 ж., №3 қазба); Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық зерттеулері, сондай-ақ, «Музейге-сый» акциясы арқылы қабылданған жәдігерлер. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қор сатып алу (іріктеу) комиссиясының 2025 жылы 20 маусымдағы №1 хаттамасы негізінде 398 дана жәдігер негізгі қорға, 215 дана жәдігер қосымша қорға қабылданды.



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық комиссияға биылғы жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға дайындалған «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII–XVI ғғ.)» ғылыми жобасы аясында 2024 жылы №1 археологиялық қазбадан 15 (тиындар), №2 археологиялық қазбадан 98(34 тиындар), Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2023-2025 жылдарға арналған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде музей-қорық «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобасы аясында 2024 жылы Ащысай мекенінде жүргізілген археологиялық қазба 244(6 тиын), Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2023-2025 жылдарға арналған бағдарламалы-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде музей-қорық «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобасы аясында 2024 жылы Қарағайлы мекенінде жүргізілген археологиялық қазба 96 (16 тиындар) жәдігер жіберілді.

Қазіргі таңда музей қорында 6343 жәдігер бар, оның ішінде негізгі қорда 2623, қосымша қорда 3267, уақытша қорда 453 жәдігер тіркелген.

Қордағы жәдігерлерді қажеттілігіне қарай қалпына келтіру жұмыстары үнемі жүзеге асып келеді. Биылғы жылы жоспарға сай қыш бұйымдар мен ағаш бұйымдарын (бесік, жастағаш, кебеже)қалпына келтіру жұмыстары жүзеге асты.

«Сарайшық» музей-қорығының жәдігерлерді қайта қалпына келтіруші маманы Отарбай Кендір Атырау қаласының қоқыс орнына тасталған халықтың көне мұрасы бесік пен домбыраға қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді.

Қайта жаңғыртылған бұл бұйымдар музей-қорықтың этнографиялық жәдігерлер қорына қабылданатын болады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1217095013778075&set=a.465242038963380>



”Сарайшық” музей-қорығының көне жәдігерлерді қалпына келтіруші маманы Отарбай Кендір Сарайшықтағы №1 қазбадағы балық кәсіпшілігі орнынан табылған ірі көлемді қыш ыдыстарды қалпына келтірумен айналысуда. Балық тұздауға пайдаланылған үлкен 8 құмыра сақталуы өте нашар жағдайда топырақтан аршылып алынды. Жәдігерлер тазаланып, залалсыздандырылып, әр сынығын орнына қою арқылы мұқият қалпына келтіріледі.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1210121091142134&set=a.465242038963380>



9.2 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы

Сарайшық музей-қорығы ағымдағы жылы «Музейге – сый» акциясы бойынша 12 жәдігер қабылдады. Атап айтсақ, ауыл тұрғыны Дәурен Карабалин музей-қорықтың ашық аспан астындағы өндіріс орнын қалпына келтіруіне байланысты жариялаған хабарландыруды көріп, атасынан қалған ау құралдары мен балық тұздауға пайдаланған ағаш бөшкесін музейге сыйға тапсырды. Сонымен қатар, тарихшы ғалым К.Мендігереев балық аулайтын аумен қоса этнографиялық музейге ұршық, түйемұрындық, сүйектен

жасалған бір инені, Қошқаров Қазтуған анасының алашасын музейге сыйға берді. Алматы облысының тұрғыны Есентаев Қасым Талғатұлы Маңғыстау облысында жұмыс жасаған кезінде «Қарақұдықмұнай» ЖШС кен орнынан табылған диірмен тасын, Атырау облысы Көктоғай аулының тұрғыны Асқар Аманғалиев анасының алаша мен киізін, әкесінің өз қолымен жасаған шанасын сыйға тартты. «Музейге сый» акциясы аясында ауыл ардагерлері Рауль мен Рысты Тауповтар музей қорына ұлттық қолөнердің құнды туындысы — түс киізді сыйға тартты.




Сарайшық Музей-қорығы [Вы подписаны](#)
Музейге сый» акциясы
Сарайшық музей-қорығына танысу мақсатында келген Алматы облысының тұрғыны Есентаев Қасым Талғатұлы «Музейге сый» акциясы аясында тарихи жәдігер табыстады.
Алашын жәдігер — диірмен тасы — Маңғыстау облысында орналасқан «Қарақұдықмұнай» ЖШС кен орнында 2007 жылы №220–221 ұңғымаларының құбыр тарту жұмыстары барысында, 4-топтық қондырғы маңынан табылған. Құнды мұраны Қасым Талғатұлының әкесі Есентаев Талғат музей қорына тарту етті.
Бұл жәдігер — қазақ даласындағы шаруашылық пен тұрмыстың айшықты көрініс ретінде музей қорын толықтырып, келушілерге тарихи таным беруде маңызды зор экспонат болмақ. Мейіше





«Музейге сый» акциясы



9.3 Ғылыми кітапхана


Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми кітапхана қоры 2025 жылы 37 кітаппен толықты. Сыйға тартылған кітаптар:

Атауы	Авторлары
1. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері IV том	Толыбай Достыбаев, Руслан Қуанов, Фархад Байдәулетов
2. Ульянов Ленин	-
3. В.И. Ленин	Государственное издательство политической литературы
4. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы жер саясаты	Ұ.Ш.Исмагулов
5. Отан Тарихы	ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
6. Қазақстанның батыс өлкесіндегі ұлттық интеллигенция	Лесқали Бердіғожин
7. Европа, түркі, Великая степь	Мурад Аджи
8. Исламский Радикализм-фактор общественной угрозы и нестабильности	Канай А.К.
9. Великая книга Пророков	ОЛМА Медиа Групп
10. Атырау қаласының тарихы	Табылдиев Х.Б.
11. Түркі и мир: сокровенная история	Мурад Аджи
12. Новейшая история 1939-1975 гг.	Александров В.В.
13. Қазақ ССР Тарихы Көне заманнан бүгінге дейін 5 томдық	Қазақ ССР Ғылым Академиясы
14. Қазақ ССР Тарихы Көне заманнан бүгінге дейін 5 томдық	Қазақ ССР Ғылым Академиясы
15. Ульянов Ленин	Қазақстан КП Орталық Комитеті
16. Сарайшық қаласының тарихы	М.С.Касенов
17. Сарайшық буклет	Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі
18. Туған жерге туын тіккен тұлғалар	Мендігереев К.Б Мукашева А.Ж.
19. Ермұқан Бекмаханов туралы естеліктер	Бекмұхамедова-Бекмаханова
20. История культуры тюрков	Бакина Н.С.
21. Ер кезегі	Нұрым Ерғалиев
22. Дін мен Діл	Қайрат Жолдыбайұлы
23. Ой-толғанысты туындылар мен естеліктер	Ғинаятолла Әбдірахманұлы
24. Алтын Орда	Илияс Есенбермин
25. Сәмбет батыр	Алдияров Қанат Ашықұлы
26. Есінде мәңгі қалғалы келгем	Нұралы Әжіғалиев
27. Достояние губернии	Горшков, Жилкин, Иванова, Логачева, Присянова
28. ҚАЗАҚ этнографиясы	Зейнолла Сәнік, Жанат Зейноллақызы
29. Әкем Абай туралы	Тұрағұл Құнанбаев
30. Абай	Мухтар Әуезов
31. Қазақтың киіз үйі	Тшо компаниясы
32. Шекті Тілеу Батыр Айтұлы	-
33. Кубад Абад	Угюр Ибрахим Алтай

34. Қазақ халық педагогикасы	Сақыпжамал Ұзақбаева
35. Кадрия I,II,III	Российская Академия наук



Ғылыми кітапхана қоры



9.4 Экспозиция-көрме жұмыстары

«Сарайшық» музей-қорығында есепті жылда экспозицияларды цифрландыру мақсатында QR-технологияларды енгізу жұмыстары белсенді жүргізілді.

QR-кодтар тікелей Сарайшық қаласының аумағында және Сапар орталығының (Визит-центр) залдарында орнатылған. Оларды сканерлеу арқылы туристер нысандар туралы тарихи мәліметтерді бірнеше тілде жедел ала алады.

Кодтарды енгізу келушілердің жеке смартфондарын жеке аудиогид ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, мәтіндік ақпаратты орналастыру мүмкіндігі шектеулі ашық аспан астындағы экспозициялар үшін өте маңызды. Осыған байланысты ортағасырлық Сарайшық қаласындағы «Хан моласы», сағана, ашық аспан астындағы балық кәсіпшілігінің экспозициясы, қала қақпасы, тұрғын жәй сияқты негізгі тарихи нысандар да QR-кодтармен қамтылған.

Ортағасырлық Сарайшық қаласындағы тарихи нысанның бірі - тұрғын үй интерьерін жаңғырту экспозициясында қойылған жәдігерлер XIII - XIV ғасырлардағы қала мәдениетінің жоғары деңгейін айқын көрсетеді және орталық орын алады.





Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ағымдағы жылда 31 көрме: 18 аудандық, 6 облыстық, 2 республикалық, 3 қор жәдігерлерінен, 2 халықаралық көрмесін ұйымдастырды. «Алтынордалық Сарайшық және әлемдік өркениет» тақырыбындағы жылжымалы дәріс көрмесі Махамбет, Исатай аудандарының және Атырау қаласының білім ошақтарында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде, Алматы облысы Шамалған селосының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында «Алтын Орда (Жошы Ұлысы) кезеңінің тарихи-мәдени мұрасы» көрмесі, Ресей Федерациясы, Астрахань облысы, Володар ауданы, Алтынжар ауылындағы Құрманғазы атындағы өңірлік мәдени орталығында "Сарайшық" музей-қорығының "Ұлы Жібек жолындағы ортақ тарихи-мәдени мұралар" атты көшпелі көрмесі, этнографиялық жәдігерлерден тұратын "Атырау ЭТНО-FEST" фестиваліне жылжымалы көрмесі, «Отта туғандар» айдарымен бір жәдігер көрмесі, қор жәдігерлерінен жасақталған «Әжемнің сандығынан шыққан» этнографиялық жәдігерлер көрмесі, 1939-1945 жылғы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, тылда еңбек еткен ардагерлер туралы жинақталған деректер негізінде "Сарайшық соғыс жылдарында" көрмесі, "КСРО-дағы қуғын-сүргін: Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.)" көрмесі өтті.





«Сарайшық» музей-қорығының е-өтініш порталына 2024 жылдың 1 тоқсанында ҚР азаматшасы Есенамановадан өтініш түсті. Түскен өтініш бойынша 2024 жылдың 12 қаңтарында ҚР азаматшасы Есенамановаға жауап берілді. 2024 жылдың 2,3 тоқсанында музей-қорықтың е-өтініш порталына өтініш келіп түседі. Әр айдың соңғы күнінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаментіне Е-өтініш есеп беріліп отырады.

12.3 Воркспейс платформасы бойынша

2025 жылдың шілде айынан бастап музей-қорық қызметкерлері «Quant Workspace» платформасына тіркеліп, белгіленуде. Бүгінде 2 қызметкеріміз қашықтықтан жұмыс жасауда.

12.4 Бірыңғай кадр жүйесі бойынша

Музей-қорық қызметкерлерінің істері бірыңғай кадр жүйесіне толық енгізілді. Сонымен қатар жұмыстан босатылған, еңбек демалысына шыққан қызметкерлердің ақпараттары БКЖ енгізілді. Бүгінде БКЖ бойынша орындалған бірлік 100 пайыз көрсетуде.

13 Халықаралық байланыс және ынтымақтастық жұмыстары

2025 жыл бойынша музей-қорықтың тәжірибе алмасу, халықаралық байланыстары, ынтымақтастық жұмыстары бағытын ерекше атап өтуге болады. Музей-қорық археологтары А.Тұрарұлы, А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев Ресей Федерациясы, Астрахань облысы, Селитренное селосындағы Сарай-Бату қаласы орнындағы қазба жұмыстарына қатысты.

“Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы өзара ынтымақтастық келісімі аясында Қырғыз Республикасы, Ош қаласының Ұлттық тарихи-археологиялық Сулайман-Тоо музей кешенімен кездесу өткізді. Кездесуге музей-қорық пен музей кешеннің басшылары, мамандары және ғалымдары қатысты. Кездесу барысында өзара таныстықтан өзге музейлердің жұмысына шолу жасалып, болашақта бірігіп атқарылатын жұмыстар талқыланды.

<https://www.facebook.com/photo?fbid=1098850648935846&set=pcb.1098850688935842>



“Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы халықаралық байланыстар аясында шетелдік әріптестермен онлайн кездесу өткізді. Кездесудің алғы сөзін музей-қорық басшылығы сөйлеп, қатысушыларды музей экспозициясы және қызметімен таныстырды. Шараға Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей мемлекеттерінен музей саласының мамандары қатысып, музейлерімен, атқарып отырған жұмыстарын таныстырды.


Кездесу барысында сөз алған қатысушылар: Әзербайжан Республикасы Ұлттық музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, т.ғ.д., доцент Фархад Джаббаров; Өзбекстан «Самарқанд» мемлекеттік музей-қорығының бас директоры Самибаев Масуд Кимович; Ресей, Башқұртстан «Уфа қаласының тарихы» музейінің

директоры Ильясов Тимур Тағирұлы, жалпы мәселелер жөніндегі директордың орынбасары – Зиннатуллин Артём Айратұлы; Қырғызстан, Ош қаласындағы «Сулайман-Тоо» тарихи-археологиялық музей кешенінің директоры Апарханов Медербек Есэнгельдыевич, ғылыми жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары – Ибайдуллаев Хайрулло Хабиболлаұлы; Әзербайжан «Ежелгі Шәмкір қаласы» қорығының ғылыми бөлім басшысы Тарана Гезалова; Әзербайжан Мәдениет министрлігіне қарасты «Авей» қорық-музейінің бөлім меңгерушісі, т.ф.ғ.д., доцент Парвиз Гасымов; «Кешикчидаг» мемлекеттік қорық-музейінің қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, Баку мемлекеттік университетінің доценті Юнис Насибли; «Чираггала-Шабран» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының экскурсия жетекшісі Айсел Алиева; Ресей, Тюмень облысындағы «Наследие» татар қоғамдық ұйымының кеңес төрағасы, «Искер» тарихи-мемориалдық кешенінің негізін қалаушы, Татарстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Шамсутдинова Луиза Алимчановна.

Кездесу соңында қатысушылар ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, өз пікірлерімен бөлісті. Алдағы уақытта бірлескен жобалар мен ғылыми-мәдени ынтымақтастықты дамытуға келісті.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1159638829523694&set=pcb.1159638959523681>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1159638836190360&set=pcb.1159638959523681>




Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, профессор, тарих ғылымдарының докторы Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар мен Әзірбайжан Республикасы «Шираггала-Шабран» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры Гюнель Пиргулиева өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Бұл келісім екі ел музей саласы мамандарының тәжірибе алмасуына, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға, мәдени мұраларды сақтау мен насихаттауға жаңа мүмкіндіктер ашады.

<https://www.facebook.com/photo?fbid=1214603980693845&set=pcb.1214604027360507>

<https://www.facebook.com/reel/1301840491409221>




«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Әзірбайжан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы Мәдени мұраны қорғау, дамыту және қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік қызметтің «Авей» және «Кешикчидаг» мемлекеттік тарихи-мәдени қорықтарымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Келісімге қол қою рәсіміне «Авей» қорығының директоры Саадат Алиева, «Кешикчидаг» қорығының директоры Муса Мурсагулиев және қос қорықтың мамандары қатысты.

Бұл меморандум бауырлас Қазақстан мен Әзірбайжан елдерінің мәдени байланысын нығайтып, ортақ тарихи мұраны зерттеу мен насихаттаудағы жаңа серіктестік кезеңін ашады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1233498572137719&set=pcb.1233498638804379>

<https://www.facebook.com/reel/1196218212612647>



«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Бұл келісімнің басты мақсаты — бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру, тәжірибе алмасу және мәдени-ғылыми жобаларды жүргізу.



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Ынтымақтастық жұмыстары аясында «Сарайшық» музей-қорығының археологы А.Жұмабаев Алматы қаласында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Зооархеология зертханасының меңгерушісі Мәмбет Шағырбаевпен Сарайшықтың остеологиялық материалдарын зерттеу туралы кеңес өткізді. Мамандар Сарайшық, Қарағайлы, Ащысай қалалары қазбаларынан табылған жануарлар сүйектеріне жүргізіліп жатқан зерттеулер өлке тарихына қатысты тың ақпараттарға қол жеткізетініне сенім білдірді.



14 Мәдени-көпшілік шаралар

«Сарайшық» сапар орталығында белгілі ақын ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Екі ғасырмен егіз өрілген ғұмыр» республикалық әдеби байқауының лауреаты, ақын Тарас Манапұлы Наурызәлінің 60 жасқа толуына орай «Туған өлкем – өзіңе өлең-жырым» атты шығармашылық кеші өтті. Шараға ҚР құрметті журналисті, Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі Төлеген Жаңабайұлы, мәдениет саласының ардагері Амангелді Есенғалиев, тілші Дәулетқали Аруев, ауыл ардагерлері мен ауыл мекемелерінің қызметкерлері, ақынның достары мен отбасы қатынасты.



4 сәуірде Сарайшық” музей-қорығына арнайылап «Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және жазушы, этнограф Зейнолла Сәнік» республикалық экспедициясының мүшелері келді. Экспедиция құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, журналист Қасымхан Бегманов, «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының» құрылтайшысы Қанат Зейноллаұлы, қоғам қайраткері, журналист Әміржан Қосан, тарих ғылымдарының докторы, этнограф Ахмет Токтабай, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серік Қалиев және т.б. болды. Қатысушылар музейден кейін ортағасырлық Сарайшық қаласы орнымен танысты, қазақ этнографиясына қатысты құнды деректерімен бөлісті.



«Сарайшық» музей-қорығының ұйымдастыруымен өткен "Сарайшық - тарихи мұраның алтын қазығы" атты дөңгелек үстел аясында ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғалымдары академиясының академигі, жазушы-публицист, өлкетанушы Өтепберген Әлімгерейұлының жаңа кітабы — "Айсырға" көпшілікке таныстырылды.

Кітаптың тұсауын кесу Өтепберген ағаның зайыбы Нәзира Шафихқызы мен Қазақстанның Құрметті журналисті, Халықаралық жазушылар одағының мүшесі, Құрмет орденінің иегері Төлеген Жаңабайұлына ұсынылды.

Шарада Өтепберген Әлімгерейұлының шығармашылығы туралы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ардагер журналист, әріптесі Төлеген Берішбаев кеңінен баяндап, жазушының қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қосқан зор үлесін атап өтті. "Айсырға" кітабы — қазақ халқының болмысын, салт-дәстүрін дәріптейтін құнды мұра. Бұл кітап еліміздің бай мәдениетін танытып, әр ұрпаққа оны қайта жандандыратын шығармашылық еңбек болып табылады.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1241466154674294&set=pcb.1241466171340959>



14.1 Атаулы мерекелер күні

“Сарайшық” музей-қорығы алаңында аудандық “Амал мерекесі” ұйымдастырылды. Шара аясында музей-қорық "Әжемнің сандығынан шыққан" этнографиялық жәдігерлер көрмесін ұсынды.

Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 23-наурыз тазалық күніне орай “Сарайшық” сапар орталығының және Этнографиялық музейдің ауласында, айналасында тазалық жұмыстарын жүргізді.




23 сәуірде музей-қорықтың ғылыми қызметкері К. Каримова «Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай, №7 Атырау қалалық кітапханада ұйымдастырылған «Ұлы Даланың киелі күмбезі атты» шараға қатысып, қатысушыларға «Сарайшық: тарих қойнауындағы қала» тақырыбында дәріс оқыды.

<https://www.facebook.com/museumreservesaraishyq/posts/pfbid0qD9f3EkQ2HWCpPcr7Tqu4LBDjDyk6CREcK8yQbgKbsvoiKrdcWKVuts7m6vW9QSC1>



“Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 9-мамыр Жеңіс күнінің 80-жылдығы қарсаңында 1939-1945 жылдар аралығындағы Екінші Дүниежүзілік соғысқа қатынасқан және сол қиын кезде тылда еңбек еткен ардагерлерге арнап «Сарайшық соғыс жылдарында» айдарын бастады. Мақсат – ардагерлерді ұлықтау, еске алу, ерліктерін өскелең ұрпаққа насихаттау, рухтарына тағзым ету. Аталған шара жергілікті ардагерлер туралы ақпарат жинақтап, оны жариялап тұрудан басталды. Ардагерлер туралы деректер, жеке құжаттары, марапаттары, оларға тиесілі жеке заттары Сарайшық музей қорығы ұйымдастырған «Сарайшық соғыс жылдарында» атты көрмеге қойылды. Сонымен қатар, ардагерлердің ұрпақтарымен кездесу ұйымдастырылып, олар жылы естеліктерімен бөлісті.





1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Сарайшық» музей-қорығында «Бақытты балапан» мерекелік шарасы өтті. Түрлі логикалық ойындар, музыкалық сайыстар, ептілік пен тапқырлықты қажет ететін жарыстар бүлдіршіндерге ерекше ұнады. Шара соңында қатынасқан бүлдіршіндер марапатталып, қызықты мультфильм тамашалады.

<https://www.facebook.com/reel/918435277045871>



“Сарайшық” музей-қорығының ұжымы 4 маусым – Қазақстан Республикасының Рәміздер күніне орай «Біздің рәміздер – біздің тарих» атты челлендж бастады. Сонымен қатар, 4 маусым күні музей қонақтарымен бірге еліміздің Әнұранын орындады.

13 маусымда Махамбет аудандық Өнерпаз мәдениет үйінде өткен “Әкелер күніне” арналған мерекелік шара аясында “Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының” көшпелі көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге музей-қорық қорындағы археологиялық және этнографиялық жәдігерлер қойылып, шара қонақтарына көне тарихтан сыр шертетін құнды деректер ұсынылды.



«Сарайшық» музей-қорығының ғылыми қызметкері А. Мұстажап хәкім Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңін ағылшын тілінде оқырман назарына ұсынды.

“Сарайшық” музей-қорығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған «Елімді сүйем – заңын құрметтеймін» атты балалар сурет байқауы өтті.

Бұл игі шараға «Жұлдыз» өнер орталығының жас суретшілері қатысып, өз қылқаламдары арқылы Отанға деген сүйіспеншілігін, бейбіт өмір мен тәуелсіздіктің қадірін бейнелеп көрсетті.

Оқушылардың әрбір туындысы – балғын жүректен шыққан шынайы көзқарас. Қазылар алқасы үздік шыққан суреттерді бағалап, жеңімпаздар арнайы марапаттарға ие болды.



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Сарайшық» музей-қорығы Атырау қаласындағы М. Мөңкеұлы атындағы №6 жалпы білім беретін орта мектебінде “Алтынордалық Сарайшық және әлемдік өркениет” атты жылжымалы көрме ұйымдастырды. Көрме барысында көне Сарайшық қалашығы орнынан табылған құнды тарихи жәдігерлер оқушылар назарына ұсынылып, олардың тарихқа деген қызығушылығын арттырды. Шара жас ұрпаққа ұлттық мұраны танытып, тарихи сананы қалыптастыруға бағытталды.



14.2 Отбасы күні, отбасы құндылықтарын ілгерілету

Отбасы құндылықтарын ілгерілету қоғамның саулығы мен болашағы үшін өте маңызды. Бұл үдерісті түрлі деңгейлерде — жеке отбасыдан бастап мемлекеттік саясатқа дейін жүзеге асыруға болады. Отбасы құндылықтарын ілгерілету барысында музей-қорықтың атқарып келе жатқан жұмыстары:

1) «Хан Ордалы Сарайшық» музей-қорығының директор қызметін атқарған, жиырма жылға жуық уақыт музейдің көпшілікке танылып, ортағасырлық қаланың тарихы насихатталуына еңбек сіңірген Молдаш Бердімұратовтың мұрасын — кітаптарын, қолжазбасын, марапаттарын, жеке заттарын, фотосуреттерін музей қорына тапсырған Бердімұратовтар отбасының игілікті ісі насихатталып, әлеуметтік желіге жарияланды.

2) Музейдегі отбасылық квест — бұл тарих пен мәдениетті қызықты ойын түрінде танудың тамаша тәсілі. Квест барысында отбасыңызға жұмбақтарды шешу, жәдігерлерді табу, логикалық сұрақтарға жауап беру және карта арқылы бағытты анықтау сияқты тапсырмалар беріледі. Бұл шара балалардың музейге деген қызығушылығын арттырып, отбасылық байланысты нығайтады.

3) Наурыз мейрамы аясында отбасымен бірге ұлттық құндылықтарды дәріптеу — ұрпақ сабақтастығын нығайтудың маңызды жолы. Музейлер мен мәдениет орталықтарында балалар мен ересектерге арналған асық атудан шеберлік сабақтары өтеді. Бұл ойын баланың ептілігі мен мергендігін дамытуға бағытталған. Мерекелік шаралар барысында «Бесікке салу», «Тұсаукесер» сияқты салттар көрсетіліп, олардың тәрбиелік мәні түсіндіріледі. Сонымен қатар, ұлттық киімдер көрмесі мен қолөнер бұйымдарының жәрмеңкелері өткізіледі.

4) «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Сарайшық соғыс жылдарында» көрме залы ашылған болатын. Жеңіс мұрагерлері мен соғыс ардагерлерінің ұрпақтары үшін музейдің көрме залына бару — бұл өткенге тағзым ету және отбасылық тарихты жаңғырту рәсімі. Бұл жерде ардагерлердің жеке заттары, орден-медальдары, майданнан жазған хаттары мен құжаттары арқылы ұрпақтар ата-бабаларының ерлігін көзбен көре алады. Ата-аналар балаларына өз әулетінің батырлары туралы естеліктерді айтып, отансүйгіштік құндылықтарын тікелей жәдігерлер алдында түсіндіреді. Мұндай сапарлар — отбасылық шежірені сақтаудың және жас буынға тарихи жадыны аманаттаудың ең әсерлі жолы.

14.3 Музей түні

23 мамыр күні «Сарайшық» мемлекеттік музей-қорығы мен Махамбет аудандық әкімдігі бірлесіп «Сары айдың сәулесінде...» атты Музей түні шарасын өткізді. Ашылу салтанатында Махамбет ауданы әкімінің орынбасары Ербөлек Махамбет Аманқосұлы құттықтау сөз сөйлеп, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бірқатар қызметкерлерін 21 мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Махамбет ауданы әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады. Махамбет ауданы «Өнерпаз» мәдениет үйінің ұжымы «Сарайшыққа Қасым ханның келуі» атты театрландырылған қойылымымен шара бастау алды.

Музей түні шарасына шетелдік меймандар да арнайы келді. Ресей Федерациясы, Астрахан облысынан келген «Жолдастық» қазақ мәдениет қоғамының өкілдері: Төрағаның бірінші орынбасары — Бекмұханов Өмерзах Қабылұлы, қоғам мүшелері — Күлжүмүров Арон Хайретдинұлы мен Күдірбаев Ғаділбек Зиннатұлы, сондай-ақ, «Едіге» ноғай мәдени орталығы Астрахан облыстық жастар қоғамдық ұйымының төрағасы — Әлмұхамедов Ильдар Салаватұлы және қатысушы Айтмамбетов Рамиль Хасмитоллаұлы шараға арнайы қатысып, музей-қорық қорына ноғай суретшісінің картиналарын табыстады.

Музей түні шарасы аясында Қазақстандық шахмат федерациясы мен Атырау облыстық шахмат федерациясының вице-президенті, аға жаттықтырушы Сабырбай Төлегенұлы бір мезетте бірнеше қатысушымен шахмат партиясын өткізді. Турнирге түрлі жастағы қатысушылар белсенді қатысып, өз шеберліктерін көрсетті. Жеңімпаздар арнайы марапаттармен және дипломдармен марапатталды.

Сонымен қатар, ерекше қолөнер шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Қыш құмыра жасау өнерін «Сарайшық» музей-қорығының суретші-қайта қалпына келтіруші маманы Отарбай Кендір көрсетіп, көне дәстүрдің қыр-сырын таныстырды. Сурет салу бойынша шеберлік сағаттарын Қазақстан Республикасының Суретшілер одағының мүшелері: Аманов Қамбарбек Хасенұлы, Утарәлиев Айсә Бақтиярұлы жүргізіп, өнерсүйер қауыммен өз тәжірибесімен бөлісті. Суретшілер шабытына ерік беріп, шараға қатысушылардың портреттерін салып, сол сәттің ерекше көңіл күйін қағаз бетіне түсірді.

Шара барысында ұлттық ойын – асық ату жарысы ұйымдастырылып, қатысушылар дәстүрлі ойынның ережелерімен танысып, шеберліктерін көрсетті. Бұл іс-шара ұлттық мәдениетті насихаттау мен дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталды.

Қонақтар үшін ерекше қолөнер бұйымдарынан құралған сауда-саттық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Шеберлердің қолынан шыққан ұлттық оюлы бұйымдар, кәдесыйлар мен тұрмыстық заттар көпшіліктің көңілінен шықты. Келушілер көздің жауын алатын туындыларды тамашалап қана қоймай, өздеріне ұнаған заттарды сатып алып, қолөнерге деген құрметін білдірді.





15 Үйірме жұмыстары

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 2025 жылғы жоспарға сай музейдің жұмысын насихаттап, өскелең ұрпақтың қызығушылығын тудыру мақсатында «Жас музейтанушы», «Жас археолог», «Қолөнершілер» үйірмелерінің жұмыстарымен таныстыру үшін музей-қорықтың бас қор сақтаушысы О. Сағынбаева, суретші-қайта қалпына келтіруші маман О. Кендір және археолог А. Жұмабаев Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің оқушыларына музей қызметі, археология және қолөнер туралы ақпараттар берді. Қызығушылық танытқан оқушыларды музей-қорықтың үйірмелеріне шақырды.



«Жас қолөнершілер» үйірмесі аясында Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің оқушыларына суретші-қалпына келтіруші О.Кендірдің қыш бұйым жасауға баулу сабағына қатынасып, өз қолдарымен бұйым жасауды үйренді. Аптасына 3 рет болатын сабақ оқушылар үшін қолөнер әлеміне саяхаттың алғашқы баспалдағы.

<https://www.facebook.com/reel/1050078217152876>



Музей-қорықтың ғылыми қор және музей қызметі бөлімі жоспарға сай «Жас музейтанушы» үйірмесінің жұмыстарын жалғастырды. Қ.Қарашаулы атындағы Сарайшық орта мектебінің 9 сынып оқушыларымен бірлесіп жаңа туристік бағыттарды талқыға салды. Топтық сайыс ретінде ұйымдастырған ойында «Алаш» және «Сарайшық» топтары ең үздік туристік бағыт құрудан тайталасқа түсті. Жас музейтанушылардың туристік бағыт құруда жергілікті жер-су аттары мен аңыздарға, туған өлкенің флорасы мен фаунасына ерекше назар аударғандары сүйсінтті. Үйірме жұмысына қатынасқан оқушылар арасынан экскурсия өткізуге қызуғышылық танытқандар да табылды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1090795913074653&set=pcb.1090795966407981>



<https://www.facebook.com/photo/?fbid=1090795909741320&set=pcb.1090795966407981>



«Жас музейтанушы» үйірмесіне жазылған мектеп оқушылары музейдің экскурсия жетекшілерінің жұмысына қызығушылық танытып, мамандықтың қыр-сырымен танысуға келді.


<https://www.facebook.com/reel/1235360634840751>



Үйірмеге қатынасушылар арасынан өлке тарихына қызығушылығы басым, ізденімпаздығы жоғары, жан-жақты Камилла Еркін топ жарып, «Музей түні» мерекелік шарасында ерікті болып қолғабыс көрсетті.

Аға ғылыми қызметкер Ж.Байғалиев «Жас археолог» үйірмесін насихаттау мақсатында қазба жұмыстарына қатысушы оқушылармен бейнероликке түсіп, жастарды археологияның қыр-сырына үңілуге шақырды.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/reel/775356408262567>



31 тамызда «Жас археолог» үйірмесі аясында музей-қорыққа келген оқушылар мен студенттерге Сарайшықтағы археологиялық қазба жұмыстары жөнінде аға ғылыми қызметкер Ж. Байғалиев дәріс оқып, ортағасырлық қаланың қазба жұмыстарына қатыстырды.



16 Пресс тур

2025 жылдың 23 қазанында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында Сарайшық мұрасын зерттеуге зор үлес қосқан өлкетанушылар М. С. Бердімұратов пен Ө. Әлімгерейге арналған «Сарайшық – тарихи мұраның алтын қазығы» атты дөңгелек үстел мен көрме пресс-тур өткізілді. Пресс-турға облыстық БАҚ өкілдері, соның ішінде «Атырау ақпарат», «Атырау газеті», «Жайық шұғыласы» газеті және Каспий NEWS телеарнасының өкілдері қатысты.

Журналист, ақын Тарас Наурызәлі өзінің жеке фейсбук парақшасында «Сарайшық – тарихи мұраның алтын қазығы» атты дөңгелек үстел мен көрме туралы өз пікірін жариялады.

<https://www.facebook.com/museumreservesaraishyq/posts/pfbid032eUdNarm1C2RyGN5BovYvPjde7bYcqAZqhHDkYeQvZosKDFE1mhqtqEZWiqT5gaRl>

Қазақстанның Құрметті журналисті, Халықаралық жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Төлеген Жаңабайұлы жазушы, өлкетанушы Өтепберген Әлімгерей туралы өз естеліктерімен бөлісті.

<https://www.facebook.com/reel/1730110427652925>

Пресс-тур нәтижесінде төмендегідей газет-телеарналарға мақалалар мен жаңалықтар жарияланды:

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында өткен Сарайшық мұрасын зерттеуге зор үлес қосқан өлкетанушылар М. С. Бердімұратов пен Ө. Әлімгерейге арналған «Сарайшық – тарихи мұраның алтын қазығы» атты дөңгелек үстел мен көрмесі «Атырау» газетінің сайтында жарияланды.

<https://www.facebook.com/museumreservesaraishyq/posts/pfbid02qVQaFn46R7CCtg62N8DM5iBq1FfKQkk4nHpCK4acrUuB1BNvcbXgKALVR9AQWVe51>

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында өткен Сарайшық мұрасын зерттеуге зор үлес қосқан өлкетанушылар М. С. Бердімұратов пен Ө. Әлімгерейге арналған «Сарайшық – тарихи мұраның алтын қазығы» атты дөңгелек үстел мен көрмесі «Атырау» газетінің instagram парақшасына жарияланды.

<https://www.facebook.com/museumreservesaraishyq/posts/pfbid0bLUZBYcPJ6UCREnSQNafbccfa7sRkK39ucM7n8khj82XkduLC3gwhezf5WhvTqeul>

«Жайық шұғыласы» газетінің кезекті №43 (6720) санында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас инспекторы, археолог Айбек Тұрарұлының «Сарайшық абыздары» атты мақаласы жарияланды.




<https://www.facebook.com/museumreservesaraishyq/posts/pfbid035ivgsk6Vxi8xyQvBoVjNLoVofv7WGvcTYtaRFYapp3bQ6xF6X382HsPCyE4nyYVil>

«Жайық шұғыласы» газетінің кезекті №43 (6720) санында Қ. Айтқалиевтің «Өлке тарихының жанашырлары» атты мақаласы жарияланды.

<https://www.facebook.com/museumreservesaraishyq/posts/pfbid02M6JNo99AkHwSt5Br8vjcMBTAWQgtvevaHXr57mDnjs1YN5rMzmUtYUunyp3tcaa8Kl>

«Атырау» облыстық қоғамдық-саяси газетінің кезекті №43 (20 908) санында Д. Аруевтің «Тарихи мұраның алтын қазығы «Хан ордалы Сарайшықта қағылған» атты мақаласы жарияланды.

<https://www.facebook.com/museumreservesaraishyq/posts/pfbid04AcSEajD4cXsC4pXFqghGKiYC5uUwfnUmNajeCcNLGryiikDXN3q4e2rUXhovgQcl>



17 Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шаралар

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК Сапар орталығы талапқа сай мүгедектерге арналған пандустар, арнайы жолдар, дәретханамен қамтамасыз етілген. Музейдің бұрынғы ғимаратында да пандустар бар. Жылдық жоспарда мүгедектерге арналған «Мен саған музейді көрсетемін» инклюзиялық бағдарлама енгізілген. Биылғы жылы бұл жоба бойынша Ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихы мен қазба барысында табылған жәдігерлермен танысу мақсатында «Өлкеге – саяхат» тақырыбымен музей-қорыққа көзі көруі нашар және денсаулығына байланысты үйден білім алатын балалар келді. Сарайшық Сапар орталығынан басталған саяхат ортағасырлық қаладағы археологиялық нысандарды таныстыру, қала аңыздарын баяндау, алған әсерлерімен бөлісумен жалғасты.

Жылдар	Келуші саны	Жеңілдіктер
2022 ж	153	Тегін, пандус
2023 ж	179	Тегін, пандус, дәретхана
2024 ж	156	Тегін, пандус, дәретхана
2025 ж	90	Тегін, пандус, дәретхана

«Сарайшық» музей-қорығы Наурызнаманың онкүндігі аясында 15 наурыз қайрымдылық күніне орай «№1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының» КММ тәрбиеленушілеріне «Алтынордалық Сарайшық және әлемдік өркениет» тақырыбындағы жылжымалы көрмесін ұйымдастырды.



18 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар

Мекеменің 2025 жылға бюджеттік қаржы жоспары – **151950.1** мың теңге. Бюджет қаражаты жоспар бойынша толық игерілді. Атап айтқанда:

1. Еңбек ақыға 34 бірлік - 125 538,0 мың теңге
2. Іс-сапар шығындарына-1 244,0 мың теңге
3. Салықтарға—18 368,0 мың теңге
4. Тауар сатып алуға - 989,0 мың теңге
5. Коммуналдық төлемдерге -595,0 мың теңге.
6. Байланыс қызметіне - 319,0 мың теңге,
7. Басқалай қызметтерге - 4 897,1 мың теңге

- Ақылы табыс 2025 жылға **жоспар – 3 101,0** мың теңге, **нақты бүгінгі күнге– 8 174.0** мың теңге қаражат түсті. Мекемеге сатып алынатын тауарлар мен қызметтер түгелдей мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылды.

- **2024-2025** жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» тақырыбымен ғылыми жоба жұмысы аяқталды, 2025 жылы бөлінген және игерілген қаржы **49 984,0 мың теңге**.

- **2023-2025** жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша IRN AP19678171 «Елордасы Сарайшық қаласы Ұлыс Жошының тарихи-мәдени мұрасы контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» атты ғылыми жоба жұмысы аяқталды, 2025 жылы бөлінген және игерілген қаржы **24 991,0 мың теңге**

Осы жобалар бойынша ағымдағы жылы мекемемізге 3-ноутбук, 1 принтер және шаруашылыққа қажетті материалдар, кеңсе заттары алынды.

Ең басты айтатын мәселе, осы ғылыми жобалар негізінде **82** адам уақытша 3-4 айға жұмыспен қамтылып, оларға **26 580,3** мың теңге еңбекақы төленді.

- Бюджеттен бөлінген қаржы

к/с	Шығын атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
	Барлығы, мың теңге	10032,0	52265,0	64885,0	67345,0	151495,0	106731	127230,0	151950,1
	Оның ішінде :								
1	Қызметкерлерге жалақы мен сауықтыру ақысына	7 580,0	38643,0	52321,0	52610,0	75 396,0	91558	107615,0	125538,0
2	Салықтар мен төлемдерге	733,0	3 675,0	5 237,0	5 550,0	7 825,0	9731	13345,0	18368,0
3	Іссапар шығындарына	314,0	2 492,0	1 457,0	1 274,0	1 515,0	1019	1153,0	1244,0
4	Материал сатып алуға	647,0	1 780,0	997,0	896,0	856,0	872	768,0	989,0
5	Материалдық-техникалық базаны нығайтуға	х	х	1 261,0	х	х	х	х	х
6	Коммуналдық төлемдер мен байланыс қызметіне	156,0	382,0	463,0	465,0	421,0	595,0	595,0	914,0
7	Күзет қызметіне	х	2 000,0	2000,0	2 000,0	1 161,0	1999,0	1999,0	х
8	Басқа да шығындар	602	3 293,0	1 149,0	4 550	64 321,0	664,0	1436,0	4897,1
	Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы сатып алынған тауарлар мен қызметтер	1 867,0	6 874,9	4 203,5	4 466,3	104688,0	6029,8	6882.3	7672.4

- Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы

к/с	Кіріс көздерінің атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл

	Барлығы, мың теңге, жоспар	205,0	1 067,0	994,0	1 374,0	3 846,0	2205,0	2597,0	3101,0
	Нақты орындалғаны	240,1	1 520,9	946,0	2 026,7	3 846,0	4613,6	3329,5	8174,0
	Оның ішінде :								
1	Билет сатудан	240,1	1 520,9	696,0	1 426,7	3 261,0	4613,6	3300,0	8174,0
2	Археологиялық барлау қызметі			250,0	600,0	x	0	0	0

- Қайырымдылық пен демеушілік көмек көрсетуден түскен қаржы

к/с	Кіріс көздерінің атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
	Барлығы, мың теңге	350,0	x	3 800,0	x	500,0	500,0	x

-Ғылыми жобалардан түскен қаржы

к/с	Кіріс көздерінің атауы	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж	2024 жыл	2025ж
	Барлығы, мың теңге	10 487,8	34 221,6	32 395,4	35 509,718	94 795,4	74975,0
1	«Прорва»	10 487,8	19 661,2	18 999,4	x	x	x
2	«Караван-Сарай»	x	14 560,4	13 396,0	16 163,322	x	x
3	«Сарайшық -Астана қала»	x	x	x	19 346,498	25 249,6	24 991, 0
4	Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері онтекстісінде (XIII-XV ғғ.)»	x	x	x	x	69 545,8	49984,0

19 Шаруашылық жұмыстары

Жыл бойына музей ғимаратының жағдайы, кеңселік жиһаздар, инженерлік инфрақұрылым, шаруашылық құрал-саймандар және тауарлық-материалдық құндылықтардың ағымдағы жөндеу мен сақталуы тұрақты түрде бақылауда болды. Шаруашылық жұмыстарын жүргізуге қажетті техникалық еңбек құралдары мен аспап-жабдықтар сатып алынды. Сонымен бірге археологиялық зерттеу жұмыстарына қажет арба, қолғап, қаптар сияқты заттар алынды.

Қаңтар–ақпан және наурыз айларында мекеменің жылу қауіпсіздігі мен тазалық жұмыстары үнемі жүргізіліп отырды. Музей-қорықта биыл тозығы жеткен тақтайшалар жаңартылып, орнына жаңа ақпараттық белгілер ілінді. Маусым айында этнографиялық музей ауласындағы киіз үй мен тұрғын жайға арналған тақтайшалар жаңартылып, ортағасырлық Сарайшық қаласына баратын жолға «Сарайшықтың 4 кереметі» атты стенд орнатылды. Қараша айында музей-қорыққа бағыт көрсететін жол белгілері жаңартылды. Қазан айында Сапар орталығы ауласына газон егілді.

Сонымен қатар музей-қорыққа қарасты ғимараттарға мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы белгілер орнатылды: көлік тұрағының белгісі, көмекке шақыру тетігі, әжетхана таңбалары және балдақ пен таяқ қолданушыларға арналған Брайль жазбалары.

Биыл Махамбет ауданы бойынша кеміргіштер саны көбейгендіктен, тамыз–қыркүйек айларында сапар орталығына дезинфекция жүргізілді.

Музей ғимаратының ішкі және сыртқы аумағында күтіп-баптау жұмыстары талапқа сай жүргізіліп, мекемеде жалпы санитарлық тазалық пен абаттандыру уақытылы жасалып келеді. Этнографиялық музей ауласын абаттандыру мақсатында декоративті гүлдер отырғызылып, топырағы жаңартылды. Сапар орталығы ғимараты ауласының сыртқы жол жақ бетіне жаңбыр және қар суын ағызатын суағар орнатылды.

Қорытынды

1. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2024-2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы (Ғылыми жетекшісі т.ғ.д., қауымдастырылған профессор Ұлжан Ахметова) толық жүзеге асырылып, 2025 жылдың 18 желтоқсанында өткен Ұлттық Ғылыми Кеңестің №17 отырысымен мақұлданды.

2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға гранттық қаржыландыру бойынша «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы (Ғылыми жетекшісі т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар) толық жүзеге асырылып, 2025 жылдың 18 желтоқсанында өткен Ұлттық Ғылыми Кеңестің №17 отырысымен мақұлданды.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2024-2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы аясында «Алтынордалық Қарағайлы, Ұшқан, Ащысай қалалары: тарихы және археологиясы» 12 баспа табақ монографиясы жарық көрді.

4. Ғылыми бағдарлама, жоба аясында жоғары импакт факторлы SCOPUS базасындағы журналдарда 3 мақала – «Поволжская археология» басылымында (1 квартиль) 2 мақала, «Stratum plus» (1 квартиль) басылымында 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала жарық көрді.

5. 2025 жылы 17-18 қарашада Атырау қаласы мен Сарайшықта ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі және Атырау облысы әкімдігі қолдауымен «Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» атты халықаралық ғылыми симпозиумы өткізілді. Симпозиумге Қазақстан мен АҚШ, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Ресейдің жетекші ғалымдары, ЮНЕСКО және ИСЕСКО, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, ТҮРКСОЙ халықтары Академиясы өкілдері қатысты.

6. 2025 жылы 17 қарашада «Сарайшық» музей-қорығы ТҮРКСОЙ музейлер одағының мүшелігіне қабылданды.

7. 2025 жылы 2 республикалық конференция - 11 сәуірде «Сарайшық оқулары-2025», 14 қарашада Махамбет аудандық білім бөлімімен бірлесе қазақтың данқты ханы Қасым ханның туғанына 580 жылдығына арналған «Қазақ хандығы Қасым хан тұсында: тарих пен археологиялық зерттеулер тоғысуы» ұйымдастырылды.

8. «Сарайшық» музей-қорығы ғалымдары Сарайшық, Ащысай, Қарағайлы, Ұшқан ескерткіштерінде қазба жұмыстарын жүргізді, археологиялық жұмыстарға геодезиялық технологиялар қолданылды, табылған ортағасырлық мал сүйектеріне алғаш рет археозоологиялық талдаулар жасалды, ортағасырлық тиындар атрибуцияланып, оларды ғылыми айналымға шығарды.

9. Ғылыми бағдарлама мен жоба аясындағы ғылыми зерттеулерге Атырау облысынан 80 жуық жұмыссыздар, өз саласындағы тиісті мамандар жұмысқа тартылды.

10. 2025 жылы Түрік Республикасының Анкара университетімен жасасқан келісім-шарт нәтижесінде қазба жұмыстарына археолог, PhD Мухаррем Чекен қатысты, 6 тарихшы бакалавр, магистр тәжірибеден өтті.

11. 2025 жылы Азербайжан Республикасының «Ежелгі Шәмкір», «Авей», «Кешикчидаг», «Чираггала-Шарбан» музей-қорықтарымен ынтымақтастық туралы келісім-шартқа отырды.

12. Сарайшық ғалымдары 2025 жылы шілде-тамыз айларында Жошы Ұлысының Қажы-Тархан – Сарай-Бату – Гүлістан – Белджамен – Үкек – Мохша – Азак - Маджар қалалары орындарына арнайы экспедиция ұйымдастырып, ол жерлердегі музей

мамандарымен, археологтармен кездесті. Нәтижесінде қалалар материалдары Сарайшықпен салыстырылды.

13. 2025 жылы 2-12 тамыз аралығында Сарайшық археологтары А. Тұрарұлы, Ж. Байғалиев, А. Жұмабаев Ресей Федерациясындағы Жошы Ұлысының астанасы — Сарай-Бату қаласы орнында археологиялық қазба жұмыстарына қатысып, тәжірибе алмасты. Қазбаның ғылыми жетекшісі белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Е. Пигарев.

14. «Сарайшық» музей-қорығының Этнографиялық музейі жаңа жәдігерлермен толықтырылды.

15. 2025 жылы музей қоры 613 дана археологиялық олжа мен материалдармен толығып, музей қоры 6343 жәдігерге көбейді, оның ішінде негізгі қорда 2623, қосымша қорда 3267, уақытша қорда 453 жәдігер тіркелген.

16. 2025 жылы 2025 жылы 34 көрме ұйымдастырылды, оның 2 халықаралық (РФ Алтынжар ауылында, өзіміздің шетелдік әріптестерімізге онлайн форматта), 2 республикалық (Алматы қаласындағы Мемлекеттік Орталық музейінде, Алматы облысындағы «Шамалған» мәдени орталығында) өткізілді.

17. 2025 жылы музей-қорықты 27 521 турист тамашалады.

18. «Қазқайтажаңарту» мекемесі ортағасырлық қақпаның сыртқы дизайнын өзгертті.

19. «Қазқайтажаңарту» мекемесі «Ортағасырлық балық өндірісі орнын» қайта қалпына келтірді, музей-қорық мамандары оны музейлендірді.

20. «Қазқайтажаңарту» мекемесі «Ортағасырлық тұрғынжайды» қайта қалпына келтірді, музей-қорық мамандары музейлендірді.

21. «Қазқайтажаңарту» мекемесі ортағасырлық нысандар аралығына туристер үшін қолайлы жол соқпақтар салды.

22. «Қазқайтажаңарту» мекемесі «Хан моласы» нысанына арнайы шатыр орнатуда.

23. 2025 жылы «Сарайшық» музей-қорығының ғалымдары Астана, Алматы, Ресей Федерациясының Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында архив, кітапханаларда жұмыс жасады.

24. 2025 жылы музей-қорық жаңалықтары әлеуметтік желілер – Фейсбук, Инстаграм, Тик-ток, Ютуб, Телеграм, ВКонтакте беттерінде жарияланып отырды.

Музей-қорықтың «saraishyq.kz» сайты көпшілік үшін жұмыс жасады.

25. Музей-қорық қызметкерлері 2025 жылы түрлі біліктілікті арттыру семинарлары мен курстарына қатысып, кәсіби деңгейлерін көтерді. Атап айтқанда, О. Сағынбаева, Ә. Шеркешбаева, Г. Бекесова және басқа мамандар музей ісі, экскурсия жүргізу және халықаралық WFTGA әдістемесі бойынша оқудан өтіп, сертификаттар мен алғыс хаттарға ие болды. Сондай-ақ бірқатар қызметкерлер Skills Eпбек электрондық еңбек биржасы аясындағы курстарды аяқтап, тиісті сертификаттар алды.

РЕЗОЛЮЦИЯ

«Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» тақырыбындағы

Халықаралық симпозиумының қорытынды құжаты

2025 жылғы 17-18 қарашадағы «Шығыс пен Батыс тоғысқан Сарайшық: Ұлы даладағы тарих және мәдениет» халықаралық симпозиум қатысушылары Қазақстандағы Жошы Ұлысы тарихи-мәдени мұрасының бірегейі ортағасырлық Сарайшықты сақтау, зерттеу, қайта қалпына келтіру, насихаттау және туризм аймағына айналдыру мақсатында мынадай ұсыныстарды қабылдады:

- Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мұраларын әлемдік руханияттың құрамдас бөлігі ретінде ЮНЕСКО шеңберінде жаһандық деңгейде насихаттау, ортағасырлық Сарайшықты әлемдік ЮНЕСКО мұрасы тізіміне енгізуді пысықтау;
- Ортағасырлық Сарайшықты сақтау мақсатында Жайық жағалауын бекіту жұмыстарын жалғастыру;
- Ортағасырлық Сарайшық ескерткішінің қорғау аумағында орналасқан Ескі Сарайшық ауылын, Ескі зиратты көшіру, ол арқылы болашақ ғылыми зерттеулерге жағдай жасау;
- Ортағасырлық Сарайшық аумағындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын «Қазқайтажаңарту» мекемесімен байланыста жүргізу;
- Туристік кластер құру тұрғысында ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына Жібек жолы бойын, іргелес жатқан қоныстар мен керуен-сарайларды зерделеуді енгізу;
- Ортағасырлық Сарайшық аумағындағы 1996-2008 жж. «Кешенді сарай», 2020-2022 жж. №3 қазба «Қоғамдық ғимарат», №4 қазба «Ортағасырлық жерлеу орындары», 2023-2025 жж. №3 қазба «Қаланың тұрғын үйлері және көше» ғылыми зерттеулерді сақтау және музейлендіру;
- «Сарайшық» музей-қорығына тиесілі «Хан ордалы Сарайшық» музейіне ағымдағы жөндеу, «Хандар пантеонын» қайта қалпына келтіру, абаттандыру жұмыстарын іс жүзіне асыру;
- Тарихи-мәдени мұраларды БАҚ, теледидар, әлеуметтік желілер, түрлі жарнамалар арқылы насихаттау, олар арқылы өскелең ұрпақтың ата мұраға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;
- Музей-қорық жұмыстарына цифрлы технологияны енгізуді жалғастыру (интерактив, 3D-модель, AR, VR-технологиялар), тарихи-мәдени мұралар объектілерінде инженерлік жүйелерді дамыту;
- Еліміздегі тарихи-мәдени мұраларды орта, арнаулы және жоғары оқу орындары бағдарламаларына енгізу, ол арқылы ата-бабамыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесін айшықтау, «халқымызды тек қана көшпелі өмір салтын ұстады» деген пікірді қайта қарау;

- Жошы Ұлысы, Сарайшықтың тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге арналған осы Халықаралық ғылыми симпозиумды үш жылда бір рет тек қана Атырауда-Сарайшықта ғана емес басқа мемлекеттерде де өткізу. Ол әлемде Жошы Ұлысы заманындағы тарихи-мәдени мұраларды сақтауға, зерттеуге, насихаттауға кең жол ашады.